# Шет шұғыласы

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

80 жыл



Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті | Газет 1937 жылдан бастап шығады | Жұма 1 қыркүйек 2017 жыл №35 (10 656)


## “ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ ЖОЛЫМЕН: “БАБАЛАРҒА ТАҒЗЫМ!”

### АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВТО КЕРУЕНІ АУДАНЫМЫЗДА БОЛДЫ

«Ұрпағы бардың - ұланы бар, ал ұланы бардың - ұлылығы ұмытылмайды» деген бастамамен Қаздауысты Қазыбек бидің мерейтойы аясында ұйымдастырылған «Қаздауысты Қазыбек би жолымен: «Бабаларға тағзым!» атты халықаралық керуен сапарға шыққан болатын. Ұлы баба мұрасын жаңғыртып, азаттық деген арпалыспен Тәуелсіздікке деген талпынысқа толы ғасырлардың асыл мұратын бүгінгі «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтастыруды мақсат тұтқан керуен Егіндібұлақтан салтанатпен аттанып, сол күні Қарқаралыдағы Құнанбай қажы мешіті мен би атаның тікелей ұрпағы, әнші композитор Мәди Бәпиұлының басына барып, дұға бағыштады. Мұнан соң Ботақара кентіндегі Бұқар жырау бабаның басына соғып, гүл шоқтарын қойды. Бұл тарихи сәттің үш жарым ғасырда жаңа ұрпақтың санасында қайта жаңғыруы - дәстүр жалғастығындай еді. Жаңаарқа ауданы, ұлт бірлігінің ұраны болған Ұлытауда, Жезқазған, Сәтбаев қалаларында болып, тарихшылар жазғандай, Қазыбек би Келдібекұлының кіндік қаны тамған қасиетті Сыр өңірінде, бабамыздың ізі қалған көрші өзбек елінде болды.



Қазыбек би жолымен 12 күнде 5500 шақырым жолды артқа тастап, құрамында өнер және мәдениет қайраткерлері, тарихшылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар керуен 29 тамызда ауданымызға ат басын тіреді.

Автокеруенді аудан жұртшылығы құшақ жая қарсы алды. Ақ жаулықты әжелер құтты болсын айтып, шашу шашып жатыр. Ел өміріндегі елеулі оқиға, тарихи сапарға аудан әкімі М.Жандәулетов тебіреніске толы ыстық ықыласын білдірді. Облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Мирас Құттыбай сапар турасында айта келе, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын насихаттау, оның тарихи маңызын ел арасында терең түсіндірудің маңыздылығына тоқталып өтті. Сондай-ақ, керуен құрамындағы бекзада болмысты белгілі білім меценаты, ҚХА мүшесі «Алтын жүрек» ұлттық сыйлығының иегері, Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков сөз сөйлеп, сапар салмағы мен керуеннің алға қойған мақсат үдесінен шыққаны турасында келісті ой толғады. Мұнан соң жазушы, «Құрмет» орденінің иегері Кәмел Жүністегі бұл оқиғаның тарихи маңыздылығын айтып, өзінің “Қилы заман” романын сыйға тартты. Кездесуде керуенбасы, облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Мирас Құттыбай аудан әкіміне осы шараға атсалысып, қолдау көрсеткені үшін облыс әкімінің Алғыс хатын табыс етті. Сөзі уәлі, ауылымыздың абыройлы ақсақалы Боранбай Жұмкеұлы батасын берді. Жақсы Жанқұтты баба ескерткішіне гүл шоқтарын қойған керуен мүшелері, жиынға қатысушылармен ескерткіш суретке түсіп, халықтың ықыласына бөленіп, сапарларын ауданымызда аяқтады.




**Өз тілшімізден.**

● *Салтанатты жиын*

## АТА ЗАҢЫМ - АРҚА СҮЙЕР АЙБАРЫМ

29 тамыз күні аудандық мәдениет үйінде елдігіміз бен бірлігіміздің, татулығымыз бен тыныштығымыздың кепілі Қазақстан Республикасы Конституция күніне арналған салтанатты жиын болып өтті.

Еліміздің мемлекеттік Әнұраны шырқалған соң, сөз алған аудан әкімі М.Жандәулетов Қазақстан Республикасының Конституциясы - еліміздің дамуы мен гүлденуінің негізі. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: “Конституция біздің тәуелсіздігімізді нығайтып, мемлекет пен жалпы қоғамда мызғымас тұрақтылықты қалыптастырды”, - деген болатын.




Біз аз уақытта айбары асқан қуатты ұлтқа, дәулеті тасыған әлеуетті елге айналдық.

Конституция - Қазақстанның тұрақтану және өркендеу негізі, әрбір қазақстандықтың құқығы және еркіндігінің кепілі. Сонымен қатар, әркімнің өмір сүруге, өзінің жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне, жеке өміріне және тұрғын үйіне қол сұғылмауына, әркімнің өзінің қай ұлтқа, қай партияға, қай дінге жататынын өзі анықтауға, әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға, денсаулығын сақтауға, білім алуға, сайлауға, сайлануға, өзінің және отбасының құпиясы болуына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына құқықтары бар екендігі көрсетілген.

«Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық» болып табылатындығы ешқандай талас тудырмайтын ақиқат. Елімізде өткізіліп жатқан әділ де еркін депутаттар мен әкімдердің сайлаулары мен референдумдар осының бірден-бір кепілі.

**Жалғасы 2-ші бетте.**

### Ақадыр кенті тұрғындарының назарына!

2017 жылғы 6 қыркүйекте аудандық мәслихаттың депутаты және хатшысы Бәкен Төлеуқұлұлы Төлеуқұлов Ақадыр кентінің тұрғындарымен кездесу және жеке қабылдау жүргізеді.

Өткізетін орны және уақыты: Ақадыр кент әкімі аппаратының ғимараты, сағат 10.00-ден 13.00-ге дейінгі және 14.00-ден 17.00-ге дейінгі аралығы.

## Шет аудандық соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесі, “Айтқантау” қоғамдық қайырымдылық қорының және аудандық Қоғамдық кеңестің аудан тұрғындарына ҮНДЕУІ

Құрметті аудан тұрғындары! Келесі 2018 жылы ауданның құрылғанына 90 жыл толады. Осы кезең ішінде, әсіресе өткен XX ғасырдың ортасына дейін аудан халқы барша қазақ деген ұлттың бастарынан өткен қияметтен кем емес қиындықтарды бірге көтергеніне тарих куә.

Үш ғасырдан астам Ресейдің бодандығында болып, дінімізден, тілімізден мүлде айырылып, жер бетінен ұлт ретінде біржола жоқ болуға санаулы ғана мерзім қалған болатын.

Сонау XV ғасырдың ортасынан бастап алғашқы хандарымыз Жәнібек пен Керей қазақтың басын біріктіріп, Алтайдан Атырауға, Қызылжардан қасиетті Түркістанға дейінгі ұлан-байтақ жерімізді бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, келешек ұрпаққа қалдырды.

Тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін қазақ елі Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сарабдал саясаты мен кемеңгерлігінің арқасында бүгінгі күні қой үстінде бозторғай балапан басатын мамыражай өмір кешудеміз.

«Туған жерге туынды тік» деген патриоттық сезімді қолдай отырып, қасиетті туған жерді қастерлеу, оның топырағында өмірге келген көзі ашық, көкірегі ояу барша азаматтардың парызы.

Осыған орай, осы жылдар ішінде ауданның іргетасын қалауға, еліміздің болашағы мен азаттығы үшін жанын пида етіп күрескен, аймақтың экономикасының дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына аянбай атсалысып, тер төккен, аптал тұлғалар мен азаматтардың атқарған игі істерін жарыққа шығаруға, арнайы бағдарламар бойынша жергілікті жерлердегі тарихи-мәдени ескерткіштерді, білім, денсаулық, мәдени орындарды нәрлендіруге және де алдағы торқалы 90 жылдық мерекені жоғары деңгейде өткізуге ауданның кәсіпорындары мен мекемелерін (меншік нысанына қарамай), кәсіпкерлерді және жеке тұлғаларды аудан бойынша арнайы құрылған «Айтқантау» қоғамдық қайырымдылық қорына демеушілік жасауға шақырамыз.

Ұжымдарыңызға, ауданның азаматтарына толағай табыс, мол береке мен ырысты ынтымақ тілейміз!

**Шет аудандық соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесінің төрағасы**
**Қ.СЕЙІЛБЕКОВ.**

**«Айтқантау» қоғамдық қайырымдылық қорының президенті**
**Б.ЖҰМКИН.**

**Шет аудандық қоғамдық кеңесінің төрайымы**
**Р.ТӨЛЕГЕНОВА.**

**Алдағы 2018 жылы ауданның 90 жылдығын өткізуге байланысты арнайы құрылған «Айтқантау» қоғамдық қайырымдылық қорының деректемелері:**

Орналасқан жері:
Қарағанды облысы, Шет ауданы,
Ақсу-Аюлы ауылы, «Жанқұтты би» көшесі, 42 үй.

БИН 170840013360
Счет в кодировке (IBAN)
ИИК: KZ55601019100008150 (KZT)
БИК: HSBKKZKX
КОФ АО «Народный банк Казахстана» отд.№199932
Код Бенефициара №19

**Аудан әкімдігінде**

# ШЕШІМІН КҮТКЕН МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Дүйсенбі, 28 тамыз күні аудан әкімі М.Жандәулетовтің төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы болып өтті. Аппарат отырысына аудандық мәслихат хатшысы Б.Төлеуқұлов қатысып отырды.

Отырыста аудан әкімі облыс әкімі Е.Қошановтың өткен аптада Қарқаралыда өткен Қаздауысты Қазбек бидің 350 жылдығын ұйымшылдық танытып атап өткені үшін барлық аудандарға айтқан алғысын жеткізіп, жалпы мерейтойдың жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі "Ауданның жедел және ағымдағы жағдайы" туралы аудан әкімінің орынбасарлары А.Әбілдин, М.Жұмкин және "Аудан бойынша ауылшаруашылық жерлерін айналымға кіргізу және пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекеттік жер қорына қайтару жұмыстарының жүргізілуі туралы" аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы С.Туғанбаева хабарлама жасады.

Аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин алдағы Конституция күніне және Құрбан айтқа байланысты елді мекендерде мал соятын алаңдардың дайындығы, әлеуметтік сала бойынша кейбір мәселелерге тоқталып, алдағы 4-ші қыркүйекте күзгі әскерге шақыру маусымының басталатынын, мұнан бұрынғы бұл шара аса бір қиындықпен өткенін, ендігі ауыл, кент әкімдерімен бірлесіп, ұйымшылдықпен өткізу қолға алынатынын, сонымен қатар, білім саласы бойынша да бірқатар мәселелерді көтеріп, хабарлама жасады.

Мұнан соң аудан әкімінің орынбасары М.Жұмкин ауданымыздағы кооперативтердің құрылып жатқандығын, алайда олардың субсидияларға қол жеткізе алмай отырғандарын, көрші Абай ауданында жағдай өзгеше, олармен тәжірибе алмасу керек шығар деген ойын білдірді. Кәсіпкерлік саласы бойынша жалпы жағдай жақсы, тек ветеринария саласы бойынша кейбір мәселелерде сәйкессіздік көп, бұл тұрғыда ескерту де жасалғандығын айтты. Сібір жарасы көмінділері бойынша берілген тапсырмалардың аяқталуға жақын екенін айтты.

Аудандық мәслихат хатшысы Б.Төлеуқұлов өрттің орын алуы жөнінде аудан облыста бірінші орында тұр. Сондықтан да бұл жұмысқа да араласып, оның алдын алуда мекеме басшыларын жинап, ұйымдастыру керектігін, сонымен қатар, тазалық мәселесін де көтеріп, бұл бағытта ауыл әкімі ешқандай жұмыс жүргізбей отырғанын атап өтті.

Аудан әкімі жалпы білім беру нысандарының қысқы жылу беру мерзімі үнемі бақылауда болу керектігін, сібір жарасы көмінділеріне байланысты жұмыстарды аяқтауды, сонымен қатар, көшелерді аралағанын, малдар әлі де бей-берекет жүргендігін, ауыл іші таза емес, шашылған қоқыстарды жинау үшін арнайы кесте жасап, сағат 8 бен 9 арасында жинап алып отыруды қолға алуды, құрылыс жүргізу бойынша жұмыстардың тоқтап қалмауын, Құмжонға су тартуды және көшелерге асфальт төсеу жұмыстарын тез арада бастау керектігін атап өтті.

Дала өрттерінің алдын алу бойынша жанармаймен мекеме көліктерін де қамтуды, керек уақытында қызметтік көліктерін де пайдалануды, сонымен қатар, қаржы игерімі мәселесіне де тоқталып, бұл жерде алдын ала болжам жасап отыру керектігін баса айтты.

Мұнан соң, "Аудан бойынша ауылшаруашылық жерлерін айналымға кіргізу және пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекеттік жер қорына қайтару жұмыстарының жүргізілуі туралы" аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы С.Туғанбаева хабарлама жасап, аудан бойынша тіркелген 1188 шаруа қожалықтарына 2 млн. гектар жер бекітіліп берілгендігін, оның ішінде егістік жерлер - 71949 га болса, 37 214 гектар жер пайдаланылмайтынын атап өтті.

Осы орайда пайдаланбайтын жерлерін мемлекетке өз еріктерімен тапсыру туралы үгіт жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы өз еріктерімен 27 650 га, оның ішінде 2458 га егістік жерлерді 29 шаруа қожалықтары мемлекеттік қорға қайтарып берді.

2017 жылдың 7 айында 26 шаруа қожалығы және 1 ЖШС-і («Шотай») шаруа қожалығы пайдаланбай отырған 15981 га жерлерін тапсырды, оның 2353 га егістік жерлер болса, оның 114 га жері суармалы егістік. Жерлерін тиімді пайдаланбай отырған және өз еріктерімен жерлерін тапсырудан бас тартқан шаруа қожалықтарының құжаттары жер инспекциясына шара қолдану үшін жіберілді.

Өз еркімен тапсырылған жерлерді қайта айналымға жүргізу үшін конкурстар ұйымдастырылуда.

Өткен аптада, ауыл, кент әкімдеріне жұма күнге дейін сұраныс-хат жіберілген, алайда ешқандай жауап келмеді. Осы аталған нысандарға түгендеу жасау үшін ауыл, кент әкімдері тарапынан көмек керек, өйткені бұл жұмыс ҚР Үкіметінің тапсырысы бойынша Республикалық деңгейде жүргізілуде және бақылауда екенін айтты.

Күн тәртібіндегі аталған мәселені қорытқан аудан әкімі сала басшысына нақты тапсырмалар беріп, ауыл, кент әкімдерінің ақпарат беруіне ықпал ететінін айтты.

Отырыста сонымен қатар, басқа да шешімін күткен мәселелер сөз болып, сала басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

**Өз тілшімізден.**

**Жаңа жоба – жаңа есім**

# ФЕЛЬДШЕР АМАНҒАЗЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен іске асып жатқан "100 жаңа есім" жобасы арқылы ауданымызда жаңа есімдер қатары толығуда. Солардың бірі - Жолдыбеков Аманғазы Жеңісұлы.



Аманғазы 1982 жылдың 12 желтоқсанында Ақшоқы ауылында дүниеге келген. 1999 жылы Ақшоқы орта мектебін бітіріп, 2001-2003 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен соң, еңбек жолын Қарағанды қаласындағы облыстық клиникалық ауруханасының хирургия бөлімінде санитар болып бастады. 2009 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің жанындағы медициналық колледждің емдеу ісі бөлімін фельдшер мамандығы бойынша бітірген. 2012 жылдан Шет аудандық ауруханасында жедел жәрдем фельдшері болып еңбек етеді.

Аманғазы еңбек жолын қарапайым ғана санитардан бас- тап аз ғана жылдың ішінде мол тәжірибе жинақтап үлгерді, халықтың алғысына бөленді, абыройлы болды. Ел арасында "Фельдшер Аманғазы" атанды. Фельдшерлік жұмыс жылдамдықты, кәсіби біліктілікті, жауапкершілікті қажет ететіні айтпаса да түсінікті. Науқастарға күн, түн демей үздіксіз қызмет еткен Аманғазының еңбегі орасан зор. Талай жедел жәрдем шақыртқан науқасқа білікті маман ретінде алғашқы ем-домды жедел көрсетіп, нәтижесінде талай науқастың бетін бері қаратты.

Білікті маман, өз кәсібінің шебері Аманғазыға еңбегіңнің жемісін көре бер демекпіз.

**Өз тілшімізден.**

**Құрмет**

# МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Айтулы мерекелер қарсаңында еңбек ардагерлері мен көп балалы отбасыларға барып жағдайларымен танысып, мерекелерімен құттықтап, пікірлесу аудан басшылығының әрдайым назарында.



Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі - Конституция күніне орай аудан әкімі Марат Жандәулетов, аудандық мәслихаттың хатшысы Бәкен Төлеуқұлов кезінде шаруашылық басқарған еңбек ардагері, ауыл ақсақалы Шәкен Қасымов пен іргелі кентті басқарып, ауыл шаруашылығы саласында басшылық қызметтер атқарған, ардагер ағамыз Көшен Жұматаевтардың отбастарында болып, айтулы мерекемен құттықтап, облыс әкімінің Құрмет грамотасын табыс етіп, сый-сияпаттар жасады.



Аудан басшылары емен-жарқын әңгіме кезінде аудан экономикасының өркендеп дамуына сүбелі үлес қосқан жандарға ауданымыздың бүгінгі тыныс-тірлігі, экономикамыздың өрлеуі, қоғамның дамуы жайында әңгіме өзегін өрісті арнаға бұрды.

Еңбек ардагерлері аудан басшыларына өздеріне көрсетілген құрметке ризашылықтарын, алғыс сезімдерін білдіре отырып, ауданымыздың гүлденуі жолындағы тынымсыз еңбектеріне толайым табыстар тіледі.

**Өз тілшімізден.**

# АТА ЗАҢЫМ - АЙБЫНЫМ!

30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданған күніне орай, Ақадыр кентінің мәдениет үйінде салтанатты жиын өтті.

Кент әкімі Д.Кәрсембаев тарихи маңызы аса зор Ата Заңымыздың аясында еліміз биік белестерге жетті, баянды істерге бастау болған, асқар асуларға жеткізген Ата Заңымызды ардақтау баршамыздың парызымыз,-дей келе, кент жұртшылығын Конституция күнімен құттықтап, мерекелік тілегін білдірді. Кенттегі ақсақалдар атынан сөз сөйлеген жергілікті ақын А.Смет, құттықтау тілегін айтулы мерекеге арнаған өлеңімен жұптады. Сондай-ақ, М.Мәметова атындағы мектептің директоры С.Махмұтова, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы М.Бекен мерекелік құттықтау лебіздерін білдірді.



Бұдан соң, кенттің қоғамдық-саяси өмірінде жоғары белсенділік танытып, жаңа Қазақстандық қоғам құру ісінде елеулі еңбектері үшін, кент әкімінің Құрмет грамотасымен және гүл шоқтарымен «Нұршуақ» балабақшасының тәрбиешісі Айдана Амангелді, «Балбөбек» бөбекжайының психологы Гүлден Шашалова, селолық аурухана медбикесі Бибігүл Өскенбекова, Ә.Хасенов атындағы өнер мектебінің ұлағатты ұстазы Тоқман Өтебаева, М. Мәметова атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Жәния Жақанова, Ю. Гагарин атындағы мектеп-лицейінің лаборанты Баян Жамбылова, Ә. Ермеков атындағы мектептің мұғалімі Гүлнұр Керімбаева марапатталды.

Мерекелік концертті бастаған "Нұршуақ" балабақшасының хор ұжымы орындаған ән, мереке салтанатына арнаған «Шолпы» би дуэтінің мың бұралған биіне, одан әрі «Ақадыр әуендері» ансамблінің күмбірлі күйіне ұласып, ансамбль сүйемелдеуімен С. Бейсенованың шырқаған әнімен жалғасты. Мерейлі мерекеде мәдениет қызметкерлері орындауындағы «Рухы биік - Ата Заң» атты әдеби-сазды композиция, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, күйші Т.Өтебаеваның және «Руханият» ән капелласының өнері тыңдарман қауымның көңіліне жол таба білсе, А.Жақаев, Д.Мадин, Ә.Бейбітханова, А.Жиенбаева, Қ.Дүйсенбеков, А.Қайрат, Т.Мұқашевтардың әуелете шырқаған әсем әндері жиналған қауымға мерекелік көңіл-күйді үстей түсті. Мерекелік концертті өнерпаздар «Өз елім» әнін қосыла шырқап аяқтады.

Ертеңінде мерейлі мерекеге арналып, кенттегі теміржол мекемелерінің кубогіне футболдан жарыс өтті. Жарысқа ТД-11, ПЧ-26, ЭЧ-12, ШЧ-21 мекемелерінің футбол командалары және Ақадыр құрама командасы қатысты. Ашылу салтанатында кент әкімі құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

Аса тартысты өткен теңбіл доп аламанында бірінші орынға Ақадыр құрама командасы ие болса, екінші орынды ЭЧ-12 футбол командасы қанжығасына байлап, үшінші орынды ПЧ - 26 футбол командасы еншіледі. Жеңімпаз командалар кубокпен, грамоталармен марапатталды.

**Ш.МҰҚАЕВ,**
**Ақадыр кенті.**

**Салтанатты жиын**

# АТА ЗАҢЫМ - АРҚА СҮЙЕР АЙБАРЫМ

**Соңы. Басы 1-ші бетте.**

Парламент және саяси партиялардың рөлінің күшейтілуі, сот билігі тармағы тәуелсіздігінің нығаюы, мәслихаттардың күшейтілуі, жергілікті өзін-өзі басқарудың дамытылуы, Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі, осы және басқа да шаралар елімізді демократияландыру жолымен айтарлықтай ілгері жылжытты.

Конституцияда барлық қазақстандықтарға ортақ құндылықтар бекітілген. Бұл жүздеген этнос, ондаған діни қауым өкілдері тату-тәтті, достық пен келісімде өмір сүріп жатқан қазақ жерінің қасиеттілігі мен біртұтастығын білдіреді.

Үкімет пен облыс әкімдігі тарапынан берілген тапсырмаларды, реформаларды жүзеге асыруда облыс көлемінде әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген бағыттарында Шет ауданы алдыңғы қатарда.

Жылдан-жылға аудандық бюджеттің көлемі өсіп келеді. Ауданымызда өнеркәсіп өнімінің көлемі үдемелі өсіп, өнеркәсіп нысандарының саны көбею үстінде.

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларына жылда қомақты қаражат бөлінуде.

Ауданымыздағы автокөлік жолдарын жөндеу, ғимараттар мен көшелерді көркейту, көгалдандыру, жарықтандыру, аудан орталығын сәулеттендіру жұмыстарымыз көз алдарыңызда.

Алдымызда ауданымызды одан әрі көркейтіп, тұрғындардың әл-ауқатын арттыра түсу үшін атқаратын жұмыстарымыз әлі де жеткілікті. Келешекте тұрғын үйлер салу, барлық елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету, ауылшаруашылық, шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту мәселелері жұмысымыздың басты бағыттары болмақ.

Осынау ерекше атаулы мерекемен Сіздерді шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға ырыс-ынтымақ, құт-береке тілеймін. Туған еліміздің қарыштап дамуы жолындағы атқарып жатқан еселі істеріңізге табыс және сәттілік тілеймін.

Жылдан жылға біздің басты құндылықтарымыз - Тәуелсіздігіміз, Келісім мен Бірлігіміз нығая берсін, - деп, барша жиынға қатысушыларды Конституция күнімен құттықтады.

Мұнан соң марапаттау рәсіміне кезек келіп, Конституция қағидаларын жүзеге асыруға елеулі үлес қосқан жерлестеріміз марапатталды. Облыс әкімінің Құрмет грамотасымен Ақсу-Аюлы тұрғыны, еңбек ардагері Хамзин Бекежан, аудан әкімінің Құрмет грамотасымен Мойынты кентінің әкімі Саяхат Жаманқұлұлы Турабеков, Шет аудандық ветеринариялық станса дәрігері Сүйіндіков Бекмұрат, Шет аудандық орталық ауруханасының медбикесі Бақытжан Елемесқызы Әйменбетова, "Шет шұғыласы" газетінің тілшісі Болат Ақпанбайұлы Тойшыбек, аудан әкімінің Алғыс хатымен мәдени-сауық орталығының қызметкері Аманбек Тәттібекұлы Исабаев, Ақадыр ауруханасының қызметкері Айсере Омарқызы Ермекбаева, мәдени-сауық орталығының операторы Нұркелді Мырзақұлұлы Нағыметов марапатталды.

Салтанатты жиында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен марапатталған көп балалы ана Раушан Бекайдарқызы Әбеноваға "Алтын алқа" алқасын табыс етті. Сонымен қатар, мерекеге орай кәмелеттік жасқа толған Ақсу-Аюлы ауылының тұрғындары Иман Дамир Дулатұлы және Аманжол Нұрбек Нұрдосұлына Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты табысталды.

Ата Заңымыз Конституция күніне арналған салтанатты жиын мерекелік концертке ұласып, жиынға қатысушылар осы мерекеге арнайы шақырылған облыстық филармонияның "Арқа сазы" ансамбілінің және аудандық мәдени-сауық орталығы өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалады.

**Өз тілшімізден.**

**Әлімшайқы Сәлімбаевтың туғанына – 105 жыл**

# АЛЫБЫН ЕСКЕ АЛАДЫ АТЫРАБЫ

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы туған еліміздің шежірелі тарихын, алыптарды тудырған атырабымыздың құндылықтарын, ата-бабаларымыздың өнегелі өмірін жас ұрпаққа жеткізу, насихаттау, отансүйгіштікке тәрбиелеудің бірден-бір көзі болып табылады. Осы бағдарламада көрсетілген тарихи тұлғаларды дәріптеу мақсатында Керней Түйте Сәдібек ұрпақтарының, ел ағаларының атсалысуымен Әлімшайқы Сәлімбайұлы атындағы Ақжал спорттық кешенінде ескерткіш тақтаның ашылу салтанаты болып өтті.




Әлімшайқы Сәлімбаев 1912 жылы Шет ауданының оныншы ауылында дүниеге келген. Қазақ күресінен Қазақстан мен Орта Азияның он дүркін чемпионы. Орта және жартылай ауыр салмақты белдескен палуан. Қазақ балуандары арасында спорт шебері алғаш алушылардың бірі. Орта Азия және Қазақстан республикалары спартакиадаларының чемпионы.1945 жылғы 12 тамыздағы Бүкілодақтық денешынықтырушылардың Қызыл алаңдағы шеруіне қатысқан атақты балуанның ұлағатты өмір жолы, адами биік қасиеттері, спорттағы ерлігі өзінен кейінгі жастарға үлгі болып жолын қуған шәкірттері арасынан Серік Демесінов, Тұрар Төлепбеков сияқты қазақша күрестің майталмандары шықты. Балуан аталарының жеңісті жолын жалғастырушы жас палуандарымыз Бейімбет Канжанов, Жансай Смағұлов, Ержан Шынекеевтер күрестің қазіргі заманғы түрлерінен әлем чемпионы, Азия чемпионы атақтарына ие болып, дүниежүзілік жазғы олимпиадаларға қатысты.Олай болса қазақ спортын әлемге паш етер тұлғалар осы босағадан түлеп ұшып жерлестеріміздің атын әлемге танытар балуандарымыз көп болсын деп тілейміз.



«Ел үмітін ер ақтар, ердің ісін ел мақтар» - демекші, бал- уан бабамыз Әлімшайқы Сәлімбаевқа арналған дүбірлі мереке Ақжал кентінде болып өтті. Ең алғаш болып сөз алған аудан әкімі Марат Жандәулетов балуанға арналған ескерткіш тақтаны салтанатты түрде ашып, салт-дәстүрін дәріптеген Бикеш, Күлше аналарымыз шашуын шашып бір қуантты. Сөз алған ағаларымыз, «Көкбөрі Керней Баба» қоғамдық қайырымдылық қорының президенті Төрехан Майбас, Ақжал кенті ақсақалдар алқасының төрағасы, осы іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі Қамбар Серік және Сәдібек баба ұрпағынан Аманкүл апалар жүрек жарды лебіздерін білдірді. Ескерткіш тақтаны ашу салтанатынан соң, бабамызға арналған кітаптың тұсауын кесу салтанаты аудандық мәслихаттың хатшысы Бәкен Төлеуқұлов, «Ново - Цинк» ЖШС-ның бас директоры Асан Сүйіндік Юржанұлына және Сәдібек баба ұрпағы атынан Зарлық ағаға берілді.



Балуан бабамызды ардақтаған салтанатты рәсімнен кейін, балуандар күресімен жалғасты. Әр түрлі салмақта сайысқа түскен балуандар ішінен бірінші орынды Рахышев Дидар, екінші орынды Орынбай Ернар, үшінші орынды Мұрат Нұржан иеленді.Түйе балуан сайысында бірінші орынды Манабаев Дәурен, екінші орынды Сағындықов Қанат, үшінші орынды Әбдікамал Қайыржан иеленді. Түйе балуанға Түйте ұрпағы Мұқырбаев Қаңқай демеушілік ретінде бір жылқы тікті. Спортшыларымыз үнемі жеңістің тұғырынан көрінсін демекпіз.

Баба ұрпақтары «Мерей» мейрамханасында балуан бабамызға арнап ас берді. Ауыл ақсақалдары, келген қонақтар сөз алып, демеушілік көрсетіп жатқан азаматтарға, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп жатты. Жиналған қауым балуанды еске алып, өз естеліктерімен бөлісіп, қимастықпен қоштасты. Қазақстан мен Орта Азияның чемпионы, жерлесіміз Әлімшайқы Сәлімбаевқа арналған іс-шаралар әлі де кең көлемде өз жалғасын табады деген сенімдеміз.

**Асқар ӘЛІМХАН,**
**Ақжал кенті.**

**Біздің сұхбат**

# ЭЛЕКТР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҒЫ ҚАЛЫПТЫ ЖҮРУДЕ

**Бүгінде күнделікті тұрмыста электр энергиясының маңыздылығы қаншалықты екендігі айтпаса да түсінікті. Электр қуатын тұтынбайтын саланы көзге елестетудің өзі қиын. Қысқа әзірлік дегенде біз көмір, от қазандықтарының қысқы жылу беру маусымына дайындығы жөнінде айтып жатамыз. Алайда жасыратыны жоқ, жалп етіп жарық сөніп қалғанда ғана электр энергиясы есімізге түседі.**

**Қоңыр күз де келіп жетті. Электр жүйелерінің қысқа әзірлігі, электр желілерінің жайы, осы саланың бүгінгі күнгі тыныс-тіршілігі жөнінде “Шетэнерго” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Құрманғазы Әшімұлы Әміровпен кеңінен отырып, сұхбат жүргізген едік.**

- Электр желілерінің қысқа дайындығы жайында айтсақ, ауданымыздағы электр желілері сонау 1963-1965 жылдары тартылған. Бұл өз кезегінде қазіргі талапқа сай емес. Олай дейтінім, осы линияларды мен қабылдап алған тұста ауданға небәрі 245 мың Квт қана тоқ тасымалданатын. Бүгінде бұл көрсеткіш бірнеше мәрте өсіп, 1 млн. 1 жүз мың киловатқа жетіп отырғаны біраз жайдан хабар берсе керек. Бұл өз кезегінде тұрғындардың тоқ тұтыну қабілеті өсті деген сөз. Бүгінде осы ескі желілер жоғары кернеулі қысымға есептелінбегендіктен шыдас бермей қиылып түсу жағдайы жиі болмаса да орын алып жатады. Әрине, авариялық жағдай іле қалпына келтіріліп, оңалады. Мұндай жағдай екі жақты бірдей әбігерге салары анық. Оқиға орын алған жер анықталысымен жедел топ аттандырылады. Бұған мекеменің арнайы техникалық жағдайы бар.

Бүгінде 19 бөлімше мен 12 ауылға қызмет көрсетеміз. Бұрын ауылдық жерлердегі тұрғындардың біразы басқа ірі елді мекендерге қоныс аударып, біраз үйлердің иесіз қалғаны белгілі. Мұның өзі электр желілерін қайыра тартуға мәжбүрледі. Бұл енді айтуға ғана жеңіл болғанымен, осы жұмысты жүргізетін бригадаға қыруар шаруа. Кейде тоқтың жетіспейтіндігі жайында шағымдар да түсіп жатады. Ал тоқты қалыпты, әрі тұрақты жеткізу - біздің басты міндетіміз. Сондықтан тіпті шағын елді мекен болса да тұтынушылардың талап-тілегін қанағаттандыру мақсатында жұмысымызды жауапкершілікпен атқарудамыз. Электр қуаты мөлшерінің төмендігін болдырмау мақсатында біз әр елді мекендердегі үйлерді аралап, 220 вольттің толық келіп тұруын тексеріп, арнайы журналға тіркеп, үй иелеріне қол қойғызып аламыз. Мәселен, Нұраталды ауылында электр қуаты төмен болған. Қайта сым тартып, оңадық. Қазір қалыпты. Ақбауыр елді мекеніндегі тоқ жүйесін толық жасадық. Бүгінде Шет және Красная поляна ауылдық округі желілерін тексерудеміз. Красная полянада арнайы маман жоқ, трансформаторы жанып кеткен. Жаңадан салынған амбулатория жанынан жаңасын қойдық. Құттықбай елді мекенінде де жаңартудамыз. Жаңа ауылдан ескі ауылға кабельмен өткізіп жатырмыз. Бұрмаға әлі толық кіріскен жоқпыз. Оған да жаңадан 1 трансформатор қоятын боламыз. Осының бәрі қыс мезгіліне күнілгері дайындық.



**- Бригадаларыңыз елді мекендерде жұмыс жүргізгенде электр тоғын тұтыну, қауіпсіздік мәселелері төңірегінде түсіндіру жұмыстарын жүргізетін болар. Жалпы осы мәселеге тоқталып өтсеңіз.**

- Қауіпсіздік мәселесіне келетін болсақ, жалпы электр желісі тартылған сымның астына шөп үйуге, қора салуға, тал егуге болмайды. Ал бізде бойлай өскен ағаштарды жиі кездестіруге болады. Мұндай жайт аудан орталығында көп кездесті. Желді күні сымға тигені өз алдына, жаңбырлы күндері адам өміріне қауіп төндіреді. Сымдарды шайқағаннан тұйықталып, сол маңайдағы үйлердің тұрмыстық жабдықтарының жанып кетуі салдарынан тұрғындар тарапынан түсініспеушіліктер орын алды. Қауіпсіздік мәселесін белсенді жүргізудің нәтижесінде тоқ желі- лері бойындағы талдар шабылып, қысқартылды. Қазір бұрынғыдай емес. Қалыпқа келгендей. Ақой ауылында ағаш қалың. Ағаш тоқ желі- лерінен 4 метр қашықтықта болуы керектігін тұрғындарға айтумен келеміз. Алайда бұған ешкім әрекет жасап жатқан жоқ.

Қазақстанда жасалған электр қуатын есептегіш құралдарын 6 жылда бір жаңартып отыру керек. Талап солай. Мерзімі өткен есептегіш құралдар кейде артық есептеп, кейде кем есептеп қойуы мүмкін. Ол тұтынушылар үшін де, біз үшін де тиімсіз. Айырбастау керек дейтініміз сондықтан. Оған түсіністікпен қарау керек. Ауылдық жерлерде бұған қарсылық білдіретіндер көп. Біз электр қуатын пайдалану жөніндегі 2015 жылы шыққан заңдылықпен оның 2017 жылы өзгерістер мен толықтырылған қосымшасын басшылыққа аламыз. Жалпы жұмысымызды заңдылық шеңберінде жүргіземіз. Өйткені заң баршамызға ортақ. Оның пайдасын да көрдік. “Жезқазғанэнергосбыть” мекемесімен 7 жылдай соттасып, ақыры ала алмай жүрген қаржымызға қол жеткіздік. Соның нәтижесінде өзімізге керекті жабдықтарды сатып алып, жаңарттық. Бұл электр желісі сымдары, трансформаторларға құйылатын арнайы майлар және тағы басқалар.

Бізді мазалайтын жайт жұрт арасында жалған, бос сөз таратып, жұртты түсінбестікке ұрындырып, арандататындардың әрекеті. Мұндай жағдай көбінесе ешкіммен келіспей тұрғын үй немесе қосымша құрылыс салып алғандар тарапынан кездесіп жатады. “Құрманғазы ақша сұрайды, тоқты қосып бермей жүр” деген сияқты. Біздің айтарымыз тұрғын үй салғарда немесе басқадай кәсібін жасарда құжаттарды тиісті орындармен заңдастырып әкелуі шарт. Ондай қағаздары болса, қосымша желі тартып беру біздің міндетіміз. Міне, жұрттың көбі осыған мән бермей жатады. Түсінбесе бізге келіп, консультация алуларына болады. Қажетті заңдылықтар негізінде тұтынушыларға дұрыс бағдар беруге әзірміз, әрі тұтынушы жұмысының оңға басып, жандануы біздің де ісіміздің өркендеуі деп білеміз, әрі өзара түсініспеушілік те болмайды.

Сонымен қатар, сиыр сауатын аппаратын, басқа да электр қуаты арқылы жұмыс жасайтын агрегаттарды қосу жиілеп кетті. Содан барып, электр қуатының жетіспеушілігі орын алады. Оны болдырмас үшін алдын - ала тапсырыс берулері қажет. Олай болмаған күнде біз заңға сәйкес әрекет жасап, тоқты қиуға дейін барамыз. Біздің түсіндірулерімізден кейін көпшілік істің мәнісін түсініп, өздерінің оғаш қимылдарына көздері жете бастады. Біздің тарапымыздан жүргізіліп жатқан жұмыстардың бәрі сайып келгенде тұрғындар үшін, бір сөзбен айтқанда тұтынушылардың қамы.

Әр үйге 25 А автоматты ажыратқыш қойдырдық. Оның пайдасы әлдеқандай жағдай орын алса, өздігінен ажыратылып, жоғарыда айтып өткенімдей тұрмыстық қажетті заттардың жанып кетуінен сақтап қалады. Қанша ескертсек те кейбір тұрғындар одан да жоғарғысын қойғанның кесірінен нәтижесінде тоңазытқышы мен теледидары басқа да қажетті мүлкінің жанып кетуі орын алып жатады. Содан барып бізді кінәлап жатады.

**- Ақшоқыдағы трансформатор жайында есеп беру жиындарында жиі айтылатын. Осы бағытта қандай қадамдар жасадыңыз?**

- Иә, Ақшоқыдағы подстанцияға 12 елді мекен қосылған болатын. Жасыратыны жоқ, ауа райының қолайсыз кездерінде электр тоғының өшуі орын алды. Өзі орналасқан жеріне қыста қар қалың түседі. Сондықтан оны Талдыға ауыстыруды жөн көрдік. Ақшоқыда жарық өшсе Нұраталды, Қызылқой сияқты тағы бас- қа да елді мекендерде де жарық өшетін. Талдыға ауыстырғаннан соң күрмеуі қиын болған бұл мәселе шешімін табады. Ал, Талдыда 5 КТП тұр. Біз үшін ол құрғақ айналым, яғни, тоқтың жоғалуы орын алады. Сондықтан КТП санын азайтып, жағдайды оңалтамыз.

Жаз айларында желілердегі жүктілік 40 пайыз көлемінде ғана болса, қыс айларында ол 80 пайызды құрайды. Ал, қысқа дайындық қапысыз болуы шарт. Қосымша 6 трансформатор дайын тұр, оның екеуі мыңдық, 1 шақырымдық кабель, 2 тонна май болса, тағы 6 трансформатор жөнделуде. Тағы да басқа қажетті заттардың бәрі бар.

Тоқ желісі бұрыннан тартылған дедім ғой. Қайсыбірі тіпті тікелей өзектің бойымен тартылған. Су басып тұрғандықтан қосымша жұмыстар жүргізуге қолайсызақ. Әсіресе, Ақшоқы, Шет ауылдық округтерінде. Әйтеуір амалдап жағдайдан шығудамыз. Сондай-ақ, табиғаттың ерекшелігі болар аудан іргесіндегі Қайрақты, Ақтөбеге тартылған желілердегі бағаналарға күн күркіреп найзағай ойнағанда жәй түсуі жиі орын алады. Бағанада арнайы жерге тұйықталу орнатылса да жиі қайталанып тұрады. Оларды шұғыл барып жөндейміз. Ақтөбе ауылына қарай линияны цемент бағаналармен ауыстырдық.

Аудан орталығында оңалту жұмыстарын жүргізудеміз. Өйткені бір трансформаторға бірнеше елді мекен қосылған. Аяқ асты болған линиядағы авариялық жағдай анықталғанша әр бағытқа тарайтын линияларды өшіре тұруға тура келеді. Бұл әрине біраз уақыт алатыны сөзсіз. Заңдылықтарға сәйкес авариялық жағдай орын алған жерді үш күн уақыт ішінде оңауымыз керек, бірақ біз бір күн ішінде жөндеп, халыққа жарық береміз. Алдағы уақытта осы жұмыстарды қалыпқа келтіреміз. Бұл енді уақыт ен - шісіндегі шаруа. Бүгінде бригадамыз сыртта жұмыс жасауда. Күн жылыда жұмысты еңсеруіміз керек.

**- Әңгімеңізге рахмет.**

Сұхбаттасқан **Б.ТОЙШЫБЕК.**

**Мұғалімдердің тамыз кеңесі**

# ЖЕТІСТІКТЕР САРАЛАНЫП, БОЛАШАҚҚА БАҒДАР ЖАСАЛЫНАТЫН ДӘСТҮРЛІ БАС ҚОСУ

Тамыз кеңесі - ұстаздар арасында көп жылдан бері дәстүр болып қалыптасқан алқалы жиын ғана емес. Бұл - білімінің заман талабына сай даму бағыттарын айқындайтын, ұлт ұрпағын тәрбиелейтін тұлғалардың пікір алмасып, ой бөлісетін ортасы. Сондықтан да мұндай басқосулар әлдеқашан бала мен мектеп, ұстаз бен ата-ана қарым-қатынасының сыртындағы үлкен қоғамдық, мемлекеттік мәселелер қозғалатын қордалы алаңға айналған. Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭЫДҰ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Оның 3-уі жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылғанындай, өскелең ұрпақтың өз өлкесінің өткені мен бүгінін біліп өсуі, олардың туған жері мен еліне деген сүйіспеншілігін арттыру бағытында да көптеген істер атқарылуы тиіс,- деп атап көрсеткен болатын.

Тамыз айының 25 жұлдызында аудандық мәдениет үйінде «Қазақстанның жаңғыруы 3.0 - білімнің үлесі» деген тақырыпта өткен аудандық ұстаздардың дәстүрлі тамыз кеңесін аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин құттықтау сөзбен ашып, игі тілегін білдірді. Тамыз кеңесіне аудандық мәслихаттың хатшысы Б.Төлеуқұлов арнайы қатысып отырды. Бұдан соң аудандық білім бөлімінің бастығы Е.Смағұл сөз алып, білім беру жүйесіндегі өткен оқу жылындағы нәтижелерге тоқталып, онда сала қызметкерлері алдында тұрған басты мақсат-міндеттер жөнінде айтылды.

- 2016-2017 оқу жылында Шет ауданының білім бөлімі 2017 жылы «BilimLand» білім беру платформасымен 17 мектепті онлайн, 36 мектепті офлайн жүйеге қосып 1 жылға 13,670 мың теңгеге келісімшартқа отырып жұмыс істеуде. «BilimLand білім беру платформасы» әр түрлі сабақтардан, жаттығулардан, тестілік тапсырмалардан, сондайақ, виртуалды зертханадан құралған. Аудан бойынша 24 (64%) мультимедиалы лингафонды кабинет, 24 (64%) физика кабинеті, 16 (43%) химия кабинеті, 14 (37,8%) биология кабинеті, 28 (75.6%) интерактивті тақта, 3 (8.1%) подиум, 4 (10,8%) технология кабинеті, 4 (10,8) кәсіптік білім беру кабинеті бар. Жаңа модификациялы кабинеттердің көрсеткіші 52 пайыз. 2017 жылдың аяғына дейін 6 жаңа заман талабына сай жабдықталған кабинеттер алу жоспарда бар.

Аудан мектептерінің компьютерлік паркі 1459 компьютерден тұрады. Бүгінгі күні аудан бойынша 1 компьютерге 4,9 оқушыдан келеді. Бірақ мектептердегі 2012 жылға дейінгі 745 компьютер, яғни 51 пайызы ескірген компьютерлер. Ескірген компьютерлерді істен кезең - кезеңмен шығарған кезде барлығы 714 компьютер қалады, сонда 1 компьютерге 10 оқушыдан келеді. Осыған алдымыздағы жылдары қаражат бөлінсе.

Қазіргі таңда Шет ауданы білім беру ұйымдарының 84,9% 45 мектеп интернет желісіне қосылған. 28 (52,8%) мектептің интернетке шығу жылдамдығы төмен. 17 (32%) мектептің интернетке шығу жылдамдығы 4 Мбитке дейін. 7 (13%) мектепте Қызылтау, Ақбауыр, Жапақов негізгі мектептерінде Бекет, Байғозы батыр, Берекетті, Қарасыз бастауыш мектептерінде интернет жоқ.



2017 жылдың ақпан айында Транстелекоммен келісімшартқа отырып Мойынты, Мұхаметжанов, Босаға, Ю. Гагарин, М.Мәметова, Жарық, Дария мектептердің интернетке шығу жылдамдығын 4 Мбитке көбейту үшін және Сәкен орта мектебін интернетке қосу жұмыстары жүргізілді.

28 мектептің интернетке шығу жылдамдығын 4 Мбитке жеткізу үшін Республикалық бюджеттен 17,920 мың теңге бөлініп 2017 жылдың қыркүйек айында іске қосылады. Қалған 7 мектеп 2017 жылдың қараша айында іске қосылады. Ауданның мектептері 100 пайыз кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіледі.

Ауыл мектептерінің білім сапасын арттыру міндеті ресурстық орталықтарды құру арқылы шешіледі. Аудандағы мектептердің 42-сі, барлық мектептердің 79,3 пайызын шағын жинақты мектептер құрайды. Шағын жинақталған мектептерде 736 педагог жұмыс істейді, барлық педагогтың 50,2% пайызын құрайды. ШЖМ 194 оқушысы 42 біріктірілген сыныптарда білім алады. Онда 2551 бала дәріс алады, барлық оқушының 35 % пайызын құрайды.

Бүгінгі күні 3 мектептің базасында Ы.Алтынсарин МГ, Х.Сәрінжіпұлы атындағы ЖББОМ, Ә.Ермеков ЖББОМ ресурстық орталықтарға 16 магниттік мектептер тартылған. ШЖМ қолдау көрсету мақсатында білім бөлімінде «Жол картасы» жасалған. Жол картасының орындау барысында алдымыздағы оқу жылы Ақжал кентіндегі Ш.Батталова атындағы ЖББОМ және 2018 жылы аудан орталығындағы Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясында Ресурстық орталықтар ашу жоспарланған. Оларға 13 магниттік мектеп қамтылады.

Өткен жылы 5-10 сынып оқушыларының оқу бағдарламаларын диагностикалау бойынша игеру, білім сапасын арттыру және проблемалық аймақтарды анықтау мақсатында «Айқын» жобасы іске асыру басталды. Оқу жылының қорытындысы бойынша 3754 оқушы өтті. Ақадыр кентінде орналасқан Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі КММ-де инклюзивті білім беруді дамыту бойынша 2014 жылдың 16-қыркүйегінде аудан әкімінің қаулысы негізінде стажерлық алаң ретінде ашылған болатын. 2016-2017 оқу жылының есебі бойынша мектепте 1164 оқушы бар, оның 68-і мектепалды даярлық тобында, 18-і шағын орталықта, ал 38 оқушы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар қатарына жатады, оның 6-уы үйде оқытылады. Барлығы 9 инклюзивті сынып бар. Мектеп 2 ауысымда оқытылады, оқыту тілі қазақша, орысша. Мектепте 121 мұғалім, оның 65 мұғалімі инклюзивті сыныптарда жұмыс істейді. Сонымен қатар психолог, дефектолог және логопед мамандары ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасайды. Бағдарламаның басты бағыттарының бірі - білім беру ұйымдарын кадрмен қамтамасыз ету болса ауданымызда барлығы 1402 ұстаз қызмет етуде. Жоғары білімді - 1096 (78,1%), арнаулы орта білімді ұстаздар - 306 (21,8%) пайызын құрайды. Жоғары және бірінші санатты мұғалімдер саны -697, барлық мұғалімдердің 49,7% пайызын құрайды. Келешекте барлық білім беру мазмұны өзгерту туралы Елбасының тапсырмасына сәйкес, барлық мұғалімдерді арнайы жаңа форматты курстардан өткізу жоспарға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2016 - 2017 оқу жылында 47 жас маман тіркеліп, оның 25-і Шет ауданының білім беру ұйымдарына жұмысқа қабылданды. Кейінгі үш жылда көлемінде жас мамандарға берілетін бір реттік көтерме ақыны 2016 жылы - 39 жас маман 148,470 теңге көлемінде көтермеақы алса, ал 2017 жылы 158,830 теңге көлемінде көтермеақыны - 41 маман алды. Сонымен қатар тұрғын үй алуға 3 181 500 теңге алған болса, 2017 жылы 18 жас маманға тұрғын үй алуға 3 450 500 теңге көлемінде несиелер берілді.

2017-2018 оқу жылында 52 жас маман тіркеліп, оның 15-і Шет ауданының білім беру ұйымдарына жұмысқа қабылданды. Бұдан соң білім бөлімінің басшысы басқа да жетістіктерге тоқталып, шешімін табар мәселелерді де тілге тиек етті.

Баяндама барысында «Жаңаша білім беру заман талабы» турасында Бұрма орта мектебінің директоры Н.Әбішев, «Назарбаев зияткерлік мектебінің» тәжірибесін трансяциялау мектепке қалай әсер етті жайында Ж.Ақылбаев атындағы мектеп - гимназиясының координаторы Б.Тұтқышева, «Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие жұмысының жаңа әдістері» бойынша «Балдырған» бөбекжайының директоры С.Хантурина, «Қосымша білім берудің қазіргі даму жүйесі» тақырыбында Оқушылар үйінің директоры Н.Шәтековалар жарыссөзге шығып, өз ойларымен бөлісті. Ауданның педагогтар құрамы биыл да бір топ жас толқын мамандармен толықты. Еңбек жолын енді бастағалы тұрған жас мамандарға арналған аманат мәтінін ардагер ұстаз, математика пәнінің мұғалімі С.Рахимбаева оқыды. Қиындығы мен қызығы бірдей ұстаздық еңбек жолын бастайын деп отырған жас мамандардың атынан Ю.Гагарин мектеп лицейінің математика пәнінің мұғалімі, жас маман Ақерке Тілеуғабыл сөз сөйледі.

Тамыз кеңесінің соңында жанға жайлы, жүрекке жылы тиген өткен жыл қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі басталды. Білім беру саласын дамытуға қосқан мол үлесі мен педагогикалық қызметте шығармашылық табыстарға қол жеткізген Ә.Ермеков атындағы жалпы орта білім беру мектебінің директоры Гүлназия Тағаева Ы.Алтынсарин медалімен марапатталса, Бұрма жалпы орта білім беру мектебінің биология пәнінің мұғалімі Г.Құнанбаева білім және ғылым министрлігінің алғыс хатымен, Ш.Батталова атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Г.Сейілбаева, Ә.Ермеков атындағы орта мектебі директордың орынбасары А.Әбенова, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі, бастауыш сынып мұғалімі Т.Мұқыжанова, Ы.Алтынсарин атындағы мектеп - гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Базылова, Ақжал негізгі орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Г.Құсайынова, Жарық жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі А.Қасымовалар облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Ш.Батталова атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі А.Жанділдина, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейі бастауыш сыныптар бойынша директордың орынбасары А.Торғаева, Бұрма орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М.Жұмашева, Ж.Ақылбаев атындағы мектеп - гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі А.Ержанов, Мойынты орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ.Көшкімбаев, Ж.Ақылбаев атындағы мектеп - гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С. Тәжібеков, Жарық орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.Әмірбековалар облыстық білім басқармасының «Алғыс» хатын иеленді. Кеңесте Оқушылар үйінің үйірме жетекшісі Г.Мұқажанова, Сәкен жалпы орта білім беру мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Қ. Мақашева, С.Мұқамеджанов атындағы жалпы орта білім беру мектебінің география пәнінің мұғалімі А.Төребекова, Талды жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сыныптар мұғалімі М.Әбіжанова, Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі М.Әбілдиналар аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапаталса, Ақжал негізгі орта мектебінің бастауыш сыныптар мұғалімі Г.Накенова, Батық жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі К.Құлжина, Жарық жалпы орта білім беру мектебінің география пәнінің мұғалімі Г.Байкенова, Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Қасымова, Босаға жалпы орта білім беру мектебінің математика пәнінің мұғалімі Р.Раевалар аудан әкімінің Алғыс хатын иеленді. Ал, білім бөлімінің Құрмет грамотасымен Мойынты ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі А.Бұхарбаева, Ы.Алтынсарин атындағы МГ мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі Б.Төлеукенова, Талды орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Е.Тәжібаева, Ақбауыр негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі А.Бикиналар, аудандық білім бөлімінің Алғыс хатымен Нұраталды орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Қ.Мақашева, Ж.Ақылбаев атындағы мектеп - гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ә.Бөлкенбаева, Ш.Батталова атындағы жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ә.Қошақаева, Шет орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Оралбаева, Ю.Гагарин атындағы мектеп лицейінің бастауыш сынып мұғалімі С.Қаракесековалар марапатталды. 2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша білім беру қызметінің сапасы бойынша оқу-тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруда жоғары рейтингтік көрсеткіш бойынша аудан мектептері арасында Ж.Ақылбаев атындағы мектеп- гимназиясы «Ең үздік мектеп» аталымына, Бұрма жалпы орта білім беретін мектебі «Сапалы білім беру ордасы», Батық жалпы орта білім беретін мектебі «Жаңашылдар шеберханасы», Ә.Ермеков атындағы жалпы орта білім беретін орта мектебі «Тәлімді ұжым», Босаға жалпы орта білім беретін орта мектебі «Тәлімді ұжым», Шопа бастауыш мектебі «Білімнің берік баспалдағы», Ш.Батталова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі «Үздіксіз ізденіс ұйымы», «Балбөбек» балабақшасы «Тәлімді бүлдіршін», «Балдырған» балабақшасы «Тәлімді бүлдіршіндер» аталымдарына ие болып, арнайы ескерткіш сыйлықтар мен гүл шоғы тапсырылды.

Білімділік - ол қоғамның зиялы, мәдени, даналық деңгейінің көрінісі. Ал, білім беру ісі - бұл тамыры тереңде жатқан, ұлт пен дінге бөлінбейтін, бір күн немесе бір жылда көрінбейтін құндылық. Адамзатқа ортақ игілік. Ендеше Тамыз кеңестерінде қойылған талаптар мен жоспарланған мақсаттарға жету үшін ұстаздар қауымына сәттілік тілейміз.

**С.ЖОСАЛБАЙ.**

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС ЖАЛЫНДАҒАН ШАМШЫРАҚ

Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі кезде білім беру бағытында Қазақстан оқу орындарының міндеті - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру үшін аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарымыз баршылық. Осының дәлелі ретінде айтайын дегенім біздің Ю. Гагарин атындағы мектеп - лицейінде «Кәсіптік бағдар беруде оқушының қаржылық сауаттылығын арттыру» технология пәні бойынша облыстық семинар өтті.

Семинардың салтанатты ашылуын аудандық білім бөлімінің әдіскері Б.Жамановаға берілді. Мектебіміздің бірінші қабатындағы фойеде «Тәуелсіздік - Мәңгілік ел тұғыры» атты көрме қойылды. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген ұлы ақын Абай сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманының дамуына өз үлесін қосады. Сол талапқа сай тәжірибелі ұстаздарымыз осы семинарда өз әдістемелерінің шеберлігін көрсете білді. Шығармашылық жұмыс істейтін ұстаз - теориялық жағынан білімді, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін сабақта тиімді қолданып, үнемі кәсіби шеберлікке ұмтылады. Тәлім-тәрбие ісінде жалықпайтын жанның бірі I санатты, II деңгейлік курстан өткен технология пәні бойынша Г.Орымбекова шебер-сабақ берді. Сабақтың тақырыбы: «Канзаши - японское искусство» мұнда келген әріптестер атлас лентасынан және әр түрлі материалдардан бұйым әзірледі. Осындай шебер сабақтың ерекше түрі деп бағаланған өз сабағым «Фомираннан гүл жасау» мұнда келген әріптестер фомиран материалынан түймедақ, раушан гүл жасап үйреніп өз тәжірибесін жинақтап ризашылықтарын білдірді. Тәжірибелі бірінші санатты ұстазымыз Максура Амалхан «Оқтау жасау технологиясы» тақырыбында шебер-сабақ көрсетті. Мұнда әріптестер технология- лық картасын әзірлеп, ағаш оқтауын жасады. Бастауыш сынып мұғалімі технология пәні бойынша 3«В» сынып оқушыларымен, «Оюөрнек» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Оқушылар шығармашылық жұмыспен айналысып, қойылым көрсетті. Сабақ келген қонақтардың да, оқушылардың да көңілінен шықты. Әр мұғалімнің өзі құрған жоспары семинар тақырыбына сай бағдарламамен өзектесіп, үндесіп жатты. Оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы жаңа технологиялық әлеуметтік өзгерістеріне бейімделе бастаған, әлемдік өркениетке ұмтылған танымдық қызығуы, біліктілігі жоғары, белсенді азамат тәрбиелеу талабы білім беру жүйесіне үлкен міндет жүктеуде. Қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі - жаңа технологияларға сүйене отырып, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты дамытуға мүмкіндік жасау тұлғаның үйлесімді дамуына жағдай туғызу нәтижесінде өзіндік мүмкіндіктерін жоспарлы пайдалана білуіне қол жеткізу арқылы тұлға құзырлығын қалыптастыру көзделген. Осыған орай өз бойымдағы өнер түрлерін оқушылар бойына сіңіруге бар күш жігерімді саламын. Бұл қасиет әріптестерімде де қалыптасқан.

Жас ұрпаққа сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Осыған сәйкес Ықшам сабақтар галереясы бойынша 3 сабақ өтілді. Бірінші сабақ технология пәні бойынша Максура Амалхан ықшам сабақ өткізді. Сабақтың тақырыбы: «Домбыра жасау әдіс-тәсілдері» 10 «В» сынып ұлдарымен, мұнда балаларды топқа бөліп, ағаштан домбыра жасау үлгісін көрсетті және де балалар постер қорғап, технологиялық картасы бойынша өзіндік құнын есептеп шығарды. Екінші ықшам сабақты технология пәні бойынша Ж.Біләлова берді, сабақтың тақырыбы: «Белдемшені модельдеу» 8 «Б» сынып қыздарымен мұнда балалар топқа бөлініп, белдемшені модельдеу үлгісін көрсетіп, балалар постер қорғап белдемшенің өзіндік құнын есептеп шығарды. Үшінші ықшам сабақты технология пәні бойынша жаңашыл педагог, тәжірибелі маман Г.Орымбекова берді, сабақтың тақырыбы: «Цветочная композиция» 8«Д» сынып қыздарымен мұнда балалар топқа бөлініп, атлас лентасынан және әр түрлі материалдардан гүл әзірлеп және де осы гүлді жасау үшін өзіндік құнын есептеп шығарды. Г.Орымбекова «Использование ИКТ на уроках технологии» коучинг-сессиясын өткізіп, мұнда әріптестер компьютермен жұмыс істеудің қолайлы жақтарын көрсетті. Семинарға келген мұғалімдер қауымы көркем әдіс-тәсілдерді өз тәжірбиелеріне жинақтап, алғыс айты. Семинардың жабылуын рефлекция бойынша сауалнама алынып, келген әріптестер өз ойларын ортаға салды.

**Ж.БІЛӘЛОВА,**
**эстетикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі.**
**Ақадыр кенті.**

# КӘСІБИ АППАРАТТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ БЕЙНЕСІ

Елімізде егемендік таңы атқан күннен жаңа «тәуелсіз ел» мәртебесімен бірге мемлекетімізге біршама үлкен жауапкершіліктер артылды. Жауапкершіліктің маңыздысы мемлекетті дағдарыстан аман алып шығу, одан кейін оны өркендету еді. Өркендеуге қол жеткізуге тұтас халық болып ат салысылды десек, бұл тұста мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруге үнемі көңіл бөлген Елбасының дара саясаты зор үлесін қосқандығына тоқталмай кете алмаспыз.

2015 жылы қабылданған «Ұлт жоспары - 100 нақты қадамның» алғашқы он бес қадамы кәсіби мемлекеттік аппарат құруға қол жеткізуге көзделгендігі баршаға мәлім болса, ол қадамдардың орындалуы үшін қанша реформалар жасалып, қанша еңбек атқарылғандығын барлығына бірдей мәлім емес.

Мемлекетке қызмет етуге келген әр азамат өзіне артылған жауапкершілікті толықтай сезініп білуі қажет. Жай ғана сезініп қоймай, өзінің бар білімін, тәжірибесі мен күшжігерін жұмсауы керек. Себебі қоғам мемлекеттік қызметшілердің Отанына адал қызмет етуін және оның моральдықәдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Осы орайда, өткен жылдың желтоқсан айында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекеттік қызметшілердің әдеп стандарт- тарының жаднамасы мен мемлекеттік қызметшілердің іскерлік киімі туралы негізгі ұсынымдарын әзірлеген болатын.

Жаднамада «Мемлекеттік қызметшілер қызметтік әдеп жөнінде нені білу керек?» деген сұрақ аясында келтіріл- ген мемлекеттік қызметтің негізгі қағидалары мен мемлекеттік қызметшілердің орындауы тиіс негізгі әдептілік талаптары айқындалса, мемлекеттік қызметшілердің іскерлік киімі туралы негізгі ұсынымдарында іскерлік стильдің басты қағидалары мен киімге қойылатын негізгі талаптар нақтыланған.

Жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына негізделген мемлекеттік қызметтің әдеп нормалаларының негізі мен қағидаларын сақтаудан бастап, қызметтен тыс уақыттағы мінезқұлық стандарттарын сақтауға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың салт-дәстүрлерін, ғұрыптарын және тілдерін құрметтеуге дейін біршама талаптар да осы жаднамада айқындалған.

Бұл өз кезегінде, мемлекеттік қызметшінің әрдайым есте сақтауға бағытталған негізгі талаптары.

Мұнымен қоса, жаднамада аталған талаптарды, яғни, қызметтік әдеп нормаларын сақтамау сыбайлас жемқорлыққа, әр түрлі құқық бұзушылықтар мен теріс пайдаланушылыққа жағдай туғызатындығы, сондай-ақ, тәртіптік шара қолдануға алып келетіндігі, керісінше әдеп нормаларын мінсіз сақтау қызметтегі бағалауда және ілгерілеуде оң әсерін тигізетіндігі туралы да ескертілген.

Ал, іскерлік киім туралы негізгі ұсынымдарында мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және жауаптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуы үшін қандай қағидалар мен талаптарды ұстануы жөнінде айшықталған.

Мемлекеттік қызметшілердің іскерлік киіміне қойылатын негізгі талаптар - ұқыптылық, мұнтаздылық, жайлылық және сыртқы бейнеге шамданудың болмауы деп көрсетілген.

Әзірленген екі құжаттың маңызы мен мемлекеттік қызметші үшін қажеттілігі бар. Бұл тек мемлекеттік қызметтің негізгі қағидалары мен орындауы тиіс негізгі әдептілік талаптары болса, бұдан басқа да маңызы мен тиімділігі бірдей зор біршама нормативтік құқықтық актілерге де өзгерістер енгізілуде. Ендеше, Елбасының «Ұлт жоспары - 100 нақты қадамында» қойған басты мақсаттардың бірі - мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруге қол жеткізудің күні алыс емес деп түйіндейік.

**Айдана ӘМІРҚЫЗЫ,**
**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.**

***Насихат тобы іс үстінде***

# АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНДІРУ ТОБЫ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Жуырда Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері, Дін істері комитетінің ғылыми зерттеу және талдау орталығының діни бірлестіктерді зерттеу бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері Сәмет Оқанұлы, "Нұр Астана" мешітінің наиб-имамы Марат Бектазинов және Қарағанды облысының конфессияаралық қатынастарының проблемаларын зерттеу және талдау орталығының директоры Мұхтар Төлеу Қайраттың ауданымызда болып, кездесулер өткізді.



Кездесуге сондай-ақ, мекеме басшылары, ауыл ақсақалдары және ауыл тұрғындары қатысты. Кездесуді аудан әкімінің орынбасары М.Жұмкин ашып жүргізіп отырды.

Мектепте, аудан әкімдігінде өткен кездесулерде ақпараттықтүсіндіру тобының мүшелері діни экстремизм, оның қоғам үшін аса қауіпті екенін, оның алдын алу мақсатында біркатар ірі жобалар іске асырылып жатқандығы, әсіресе, жастарды дінімізді және асыл қасиеттерімізді сақтай білуге, арандатушы теріс ағымдардан аулақ болып, керісінше бар күш жігерлерін білімге жұмсауға, экстремистік топтардың әрекеті, олардың алдын алу жолдары жайлы кеңінен тоқтала отырып, айтты.

Кездесуге қатысушылар тарапынан вакцина егу, басқа діни ағымдарды қалай ажыратуға болады, тағы басқа да сұрақтарға топ мүшелері тұщымды жауаптарын берді.

**Өз тілшімізден.**

***1 қыркүйек – Білім күні***

# ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР, БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ - БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ

Қазіргі таңда әлемдік білім кеңістігінің даму тарихы және оның әр кезеңіндегі айқындаған тенденциялары әр халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің білімге байланыстылығын, жалпы білім сапасының маңыздылығын дәлелдейді. Бұған мысал ретінде қазақтың біртуар перзенті, қазақтан шыққан тұңғыш ғалым, географ Шоқан Уәлиханов: «Әр халықтың кемеліне келіп гүлденуі үшін азаттық пен білім керек»,- деп білімнің маңызына ерекше мән берген сөзі дәлел бола алады.

Осы тұрғыдан алғанда еліміздің түпкір-түпкірінде жаңаәдіс тәсілдерді тиімді пайдалану мен жаңартылған білім мазмұнын түбегейлі қолдану үшін ұйымдастырылған арнайы курстар өз жемісін беруде деуге толық негіз бар.

Жаңа әдіс-тәсілдер, жаңартылған білім мазмұны бүгінгі күн талабына сай жас ұрпақтың еркін және өз бетінше білім алуына бірден - бір серпін тигізері сөзсіз. Аталған курстардың мақсатыоқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап ете отырып қарастырады. Яғни, бұл міндеттер оқушылардың оқыған тақырыбы бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша құмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғымтүсініктерін өрістетуге орайластырылып жасалады.

Осыған орай Шет жалпы орта білім беру мектебінде үш айлық деңгейлік курс бойынша 4 мұғалім (бірінші деңгей-2, үшінші деңгей - 2) жаңартылған білім мазмұны бойынша 8 мұғалім, тренерлік курс бойынша 3 мұғалім оқып, сертификатталды.Соның нәтижесінде Мектептің Даму Стратегиясы құрылып, мектеп ұжымы мектепті дамыту барысында және білім сапасын көтеру мақсатында түрлі бағыттарда жұмыстар атқаруда.

Қолданылып жүрген жаңа технологиялардың нәтижесінде жеткен біршама жетістіктер мен жеңістеріміз де баршылық. Соның біреуін ғана атап айтсақ, облыс көлемінде ұйымдастырылған «Бір аймақ, бір кітап» акциясы аясында аудан мектептері шеңберінде ұйымдастырылған «Табысқа жетудің бір ғана жолы - кітап оқу» тақырыбындағы дөңгелек үстел шарасы жоғары деңгейде өтті.Сонымен қатар, осы акция негізінде Нұраталды мектебінде өткен «Ыбырай оқулары» байқауынан мәнерлеп оқу номинациясы бойынша 4 сынып оқушысы Мұхамбетбекова Алина жүлделі екінші орынды иеленіп қайтты. Осындай ауыз толтырып айтарлық жеңістеріміз баршылық.

Биылғы оқу жылында Ы.Алтынсарин атындағы мектеп - гимназиядағы ресурстық орталықтың көктемгі сессиясында 10-сыныпқа мектебіміздің мұғалімдері А.Оралбаева,Қ.Базылова, Ж.Асаинова, А.Оралбаев, Г.Құдайберген жаңа технология негізінде құрыл- ған ашық сабақтар берді.

Қорыта келгенде,жаңа технологиялар мен жаңартылған білім мазмұнынан күтілетін нәтижелер барысында мұғалімдерді оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір, көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруға даярлау болып табылады. Өйткені, мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім екендігін атап өткен жөн

**Б.ОРАЗБЕК,**
**Шет жалпы білім беретін орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі.**

# ЖАРИЯ МҮДДЕЛІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕРІН ДЕПОЗИТАРИЙГЕ ҰСЫНУЫ ТУРАЛЫ

Мемлекет басшысының әр жылдардағы Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің даму бағыттары айқындалып, оның экономикасының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру барысында қыруар шаралар атқарылуда. Кәсіпкерліктің мәдениетін қалыптастыру және кәсіпорындардың бәсекелестігін жоғарылату мақсатындағы бағыттар бойынша мемлекеттік ұйымдардың қызметтері бәсекелі ортаға жіберілуде. Аталған шараларға сәйкес, Қазақстан Республикасының 28.02.2007ж. №234 «Бухгалтерлік есеп пен есептілік туралы» Заңының 19 бабы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қаржылық есептілік депозитарийін құру жөніндегі шаралар туралы» 23.12.2008ж. №1228 Қаулысы негізінде, жария мүдделі ұйымдар үшін қаржылық есептілік депозитарийі құрылған.

Қаржылық есептілік депозитарийі - жылдық қаржылық есептілік және ұйымдар жыл сайын беріп отыратын аудиторлық есептер, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімі сондай-ақ, акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат қамтылатын, пайдаланушылар үшін ашық қолжетімді электрондық деректер базасы.

Жария мүдделі ұйымдар (әрі қарай ЖМҰ) - қаржы ұйымдары (қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), акционерлік қоғамдар (коммерциялық еместерін қоспағанда), жер қойнауын пайдаланушы ұйымдар (кең таралған пайдалы қазбаларды өндіретін ұйымдардан басқа), астық қабылдау кәсіпорындары және жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдар, сондайақ, шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.10.2011ж. № 1173 Қаулысымен бекітілген «Қаржылық есептілікті депозитарийге беру туралы»Қағидасының 4 тармағына сәйкес, жария мүдделі ұйымдар жыл сайын есептен кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей депозитарий жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға айқындалған ұйымға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен есептілік туралы заңнамамен белгіленген тәртіппен жасалған жылдық қаржылық есептілікті өткізуі тиіс. Қайтадан құрылған ұйымдар ол тіркелген сәттен бастап сол жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы кезең үшін жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Қазақстан Республикасының заңнамаларымен аудит міндетті болып табылатын ұйымдардың қаржылық есептіліктері аудит қорытындысымен нақтылануы қажет.

Қаржылық есептілікті ұсынудан бас тарту немесе белгіленген мерзімді бұза отырып ұсыну не оны дәлелді себепсіз ұсынбау Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 239 бабына сәйкес жауапкершілік қаралған. Осы тәрізді аталған Кодекстің 250 бабына сәйкес, әкімшілік жауапкершілік міндетті аудит жүргізуден жалтару не оны жүргізуге кедергі келтіру бойынша да қаралғанын жеткіземіз.

**Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.**

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

24 тамыз 2017 жыл №14/112 Ақсу-Аюлы ауылы

**Аудан әкімі М.Жандәулетовтың өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындау туралы есебі**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы «Әкімдердің Мәслихаттар алдында есеп берулерін өткізу туралы» №19 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №1122 Жарлығына сәйкес, аудан әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындау туралы есебін тыңдап және талқылай келе, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудан әкімі М.Жандәулетовтың өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындау туралы есебі қанағаттанарлық деп бағаланып, назарға алынсын.

2. Аудан әкімі М.Жандәулетовке Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына арналған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабылеттілік» Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыруды толықтай камтамасыз ететін, жаһандық бәсекеге қабылетті, экономикалық өсімнің әлемдік орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерлеу бағытында жергілікті атқарушы органдар басшыларының жаңғырту жөніндегі мақсаттарды орындаудағы іс-әрекеттеріне талап қоюды және дербес жауапкершіліктерін арттыруды күшейту ұсынылсын.

3. Аудан әкімі М.Жандәулетов және аудандық мемлекеттік органдардың басшылары Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясы, жаңа индустрияландыру, «Нұрлы жол», бес халықтық (институтционалдық) реформа, «Мәңгілік ЕЛ» жоспары және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы көп жылға бұрын есептелген, болашақ мақсаттарға жеткізетін, еліміздің рухын көтеретін, халық бірлігінің осы кезге дейін еш жерде қайталанбаған моделін қалыптастыратын, рухани жаңғыруды жүзеге асыруды бастайтын, күрделі кезеннен сенімді өтуге берік жағдай туғызатын және негіз болып табылатын аса маңызды бағдарламалар екендігі жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде насихаттау жұмыстарын жүргізсін.

**Сессия төрағасы А.СЕКЕРБЕКОВА.**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

24 тамыз 2017 жыл №14/113 Ақсу-Аюлы ауылы

**Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 19 наурыздағы XXVIII-сессиясының «Аудан аумағында тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының жағдайы және оны одан әрі дамыту туралы» №28/241 шешімінің орындалу барысы туралы**

Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі, автокөлік жолдары және тұрғын үй инспекция бөлімінің басшысы Е.Б.Қасымның «Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 19 наурыздағы XXVIII-сессиясының «Аудан аумағында тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының жағдайы және оны одан әрі дамыту туралы» №28/241 шешімінің орындалу барысы туралы» хабарламасын тыңдап және талқылай келе, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автокөлік жолдары және тұрғын үй инспекциясының басшысы Е.Б.Қасымның аудандық мәслихаттың 2015 жыл- ғы 19 наурыздағы XXVIII-сессиясының №28/241 шешімінің орындалу барысы туралы хабарламасы назарға алынсын.

2. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 19 наурыздағы XXVIII-сессиясының «Аудан аумағында тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының жағдайы және оны одан әрі дамыту туралы» №28/241 шешімін орындау жалғастырылсын, шешімнің іске асыру барысы туралы аудандық мәслихатқа 2018 жылғы тамызда ақпарат берілсін.

3.Осы шешімнің орындалысын бақылау аудандық мәслихаттың құрылыс, автокөлік, коммуналдық шаруашылық, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (А.Балғабек) жүктелсін.

**Сессия төрағасы А.СЕКЕРБЕКОВА.**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

24 тамыз 2017 жыл №14/114 Ақсу-Аюлы ауылы

**Аудандық Мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/182 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» №148 Заңының 6 бабы 1 тармағының 7-1) тармақшасы, Қазақстан Республикасын 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» №2464 Конституциялық Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының босаған орындарына мүшелерін сайлауға дауыс берудің қорытындысы бойынша аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/182 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім аудандық «Шет Шұғыласы» газетінде ресми жариялансын.

**Сессия төрағасы А.СЕКЕРБЕКОВА.**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

Аудандық Мәслихаттың 2017 жылғы 24 тамыздағы XIV сессиясының № 14/114 шешіміне қосымша

### Шет аудандық аумақтық сайлау комиссиясының босаған орындарына сайланған мүшелерінің Т І З І М І

Қапбасов Шынболат Боранбайұлы - облыстық аумақтық сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша
Шайжанов Жайдар Абдуллаұлы - облыстық аумақтық сайлау комиссиясының ұсынысы бойынша

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

24 тамыз 2017 жыл №14/115 Ақсу-Аюлы ауылы

**Аудандық Мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/184 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» №148 Заңының 6 бабы 1 тармағының 7-1) тармақшасы, Қазақстан Республикасын 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» №2464 Конституциялық Заңының 10-бабының 3-тармағына учаскелік сайлау комиссияларының босаған орындарына мүшелерін сайлауға дауыс берудің қорытындысы бойынша аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі XXI-сессиясының «Шет аудандық учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №21/184 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім аудандық «Шет Шұғыласы» газетінде ресми жариялансын.

**Сессия төрағасы А.СЕКЕРБЕКОВА.**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

Аудандық Мәслихаттың 2017 жылғы 24 тамыздағы XIV - сессиясының № 14/115 шешіміне қосымша

### Шет аудандық учаскелік сайлау комиссияларының босаған орындарына сайланған мүшелерінің Т І З І М І

**№715 Ақсу-Аюлы учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Ақсу-Аюлы ауылы, Мәдениет үйі Жанқұтты би көшесі, 39**
Биғарашева Дина Амандыққызы – саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№716 Еңбекшіл учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Еңбекшіл ауылы, бастауыш мектеп ғимараты**
Сапарова Камшат Хамидуллаевна – саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№739 Қармыс учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Қармыс ауылы, бастауыш мектеп ғимараты**
Ұзақбаева Алмаш Серікбайқызы – саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№741 Бұрма учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Бұрма ауылы, мәдениет үйі**
Хиса Досжан – саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№754 Ақжал учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Ақжал кенті, мәдениет үйі**
Мұхан Таңатар Охаділқахарұлы – саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№756 Жамбыл учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Жеке кәсіпкер ғимараты**
Абильдаханов Қайыржан Абдугалимович – саяси партияның ұсынысы бойынша.
Ким Алексей Романович – саяси партияның ұсынысы бойынша.
Ким Эдуард Романович – саяси партияның ұсынысы бойынша.
Ділдаханова Алтынгүл – саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№761 Қызылтау учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Қызылтау ауылы, Байғазы батыр атындағы бастауыш мектеп ғимараты**
Бакирова Қымбат Жалбыровна – саяси партияның ұсынысы бойынша.
Сатпаева Алтын Ситметовна– саяси партияның ұсынысы бойынша.
Сейтимов Ибраим Бақытжанович– саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№766 Ортау учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері - Ортау ауылы, негізгі мектеп ғимараты**
Арапбекова Сауле Кенесбаевна – саяси партияның ұсынысы бойынша.
Жакупбеков Қошқарбай Аманович – саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№773 Түлкілі учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Ақсу-Аюлы ауылы, «Мерей» кафесі, С.Сейфуллин көшесі,73**
Құлсарин Мирас Есенбайұлы – саяси партияның ұсынысы бойынша.
**№774 Мөлтек учаскелік сайлау комиссиясы**
**Орналасқан жері – Ақжал кенті, негізгі мектеп ғимараты, Ы.Алтынсарин көшесі, 16**
Серік Айзада Болатқызы – саяси партияның ұсынысы бойынша.

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

24 тамыз 2017 жыл №14/116 Ақсу-Аюлы ауылы

**Аудандық мәслихаттың кезекті XV -сессиясының күн тәртібі туралы**

Аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Аудандық мәслихаттың кезекті он бесінші сессиясының қараууна мынандай мәселелер енгізілсін:

1. 2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы.

2. Шет ауданында мәдениет мекемелерінің жағдайы және олардың жұмысын одан әрі жетілдіру шаралары туралы.

3. Аудан аумағында жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жоспарын бекіту туралы.

**Сессия төрағасы А.СЕКЕРБЕКОВА.**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

## 2017 жылдың 29 қазанына тағайындалған Қазақстан Республикасы Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттарының шығып қалғандардың орнына сайлау өткізу бойынша Шет ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы және оның орналасқан орыны туралы

## ХАБАРЛАМА

| Р/с № | Аумақтық сайлау Комиссиясының орналасқан орыны | Байланыс телефондары, факс | Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|
| 1. | 101700, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу - Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, №91 | Код 8(71031) Байланыс телефоны және факс 21004, 21909 | **Төраға** - Садыбеков Саулебай Медетбекұлы **Төраға орынбасары** - Мұхабаев Ержан Мейрамбекұлы **хатшы** - Сүйіндіков Бекмұрат **комиссия мүшелері:** Мықыш Көмек Қарыбекұлы, Досжан Салтанат Бөгембайқызы, Шайжанов Жайдар Абдоллаұлы, Капбасов Шынболат Боранбайұлы |

## Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттарының шығып қалғандардың орнына сайлау өткізу бойынша №41 Ақсу-Аюлы сайлау округі комиссиясының құрамы туралы

## ХАБАРЛАМА

| Р/с № | Сайлау Комиссиясының орналасқан орыны | Байланыс телефондары, факс | Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы |
|---|---|---|---|
| 1. | 101700, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу - Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, №14 | Код 8 (71031) Байланыс телефоны және факс 50763 | **Төраға** - Социал Саят **Төраға орынбасары** - Ахметжанов Сейіт Зекенұлы **хатшы** - Темірбеков Нұрбек Жамантайұлы **комиссия мүшелері:** Жакупов Иманқұл Мұхамедияұлы, Түгелбаев Сағат Өгісұлы, Сембаев Даурен Сағатұлы, Акеева Гүлмира Рақымжанқызы |

## Қарағанды облыстық мәслихатына депутаттар сайлау бойынша №41 Ақсу-Аюлы сайлау округінің шекарасы

**Орталығы:** Ақсу - Аюлы ауылы, Шортанбай жырау 14, Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі.

**Шекарасы:** С.Сейфуллин атындағы, Ақшатау, Дәрия кенттері мен Ақсу - Аюлы, Нұраталды, Талды, Ақшоқы, Красная Поляна, Шет, Бұрма, Ақой, Батық, Кеншоқы, Көктіңкөлі, Өспен ауылдық округтері мен Жоғарғы Қайрақты ауылы Төменгі Қайрақты ауылдық округі және Жұмыскер, Қойтас ауылдары Тағылы ауылдық округі.

## ХАБАРЛАМА

## Қарағанды облыстық №41 Ақсу - Аюлы сайлау округінің құрамына кіретін Шет ауданындағы учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан орыны мен шекаралары

**№715 Ақсу- Аюлы сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Ақсу – Аюлы ауылы, Аудандық мәдениет үйі, Жанқұтты би көшесі, 39 үй, 8(71031)22363, 50540
***Шекарасы:*** Шортанбай Жырау көшесінің №1 бастап №269 дейінгі үйлер, Абай көшесі №1а, 2 бастап №28 дейінгі үйлер, Жанғұтты би көшесі № 1 бастап №134 дейінгі үйлер, Жапақов көшесі № 1 бастап №42 дейінгі үйлер, Күлейменов көшесі №1 бастап №65 дейінгі үйлер, Құмжон көшесі №1 бастап №14 дейінгі үйлер.

**№716 Еңбекшіл сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Еңбекшіл ауылы, Еңбекшіл бастауыш мектебі, Шабанбай би көшесі, 10 үй, 8(71031)50458
***Шекарасы:*** Шабанбай би көшесі №1 бастап, №27 дейінгі үйлер.

**№717 Ақтөбе сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Ақтөбе ауылы, Ақтөбе бастауыш мектебі, Байсейіт көшесі, 8 үй, 8(71031)50416
***Шекарасы:*** Байсейіт көшесі № 1 бастап №31 дейінгі үйлер.

**№718 Ақсу сайлау учаскесі (Ақсу–Аюлы ауылдық округі)**
***Орталығы:*** Ақсу ауылы, Ақсу бастауыш мектебі, Сенкібай би көшесі, 3 үй, 8(71031)50515
***Шекарасы:*** Сенкібай би көшесі №1 бастап № 17 дейінгі үйлер.

**№719 Қайрақты сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Қайрақты ауылы, Қайрақты бастауыш мектебі, Жидебай батыр көшесі, 5 үй, 8(71031)50327
***Шекарасы:*** Жидебай батыр көшесі №1 бастап № 30 дейінгі үйлер.

**№720 Нұраталды сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Нұраталды ауылы, Мәдениет үйі, Б.Байзақов көшесі, 29 үй, 8(71031) 31505
***Шекарасы:*** Бұғылы көшесі №1 бастап №30 дейінгі үйлер, Достық көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер, Уәлихан көшесі №1 бастап № 16 дейінгі үйлер, Байзақов көшесі №1 бастап № 17 дейінгі үйлер, Ә.Молдағұлова көшесі № 1 бастап № 24 дейінгі үйлер, С.Сейфуллин көшесі № 1 бастап № 12 дейінгі үйлер, Нұраталды көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер.

**№721 Ақсу сайлау учаскесі (Нұраталды ауылдық округі)**
***Орталығы:*** Ақсу ауылы, Ақсу негізгі мектебі, С.Сейфуллин көшесі, 6 үй, 8(71031)50007
***Шекарасы:*** С.Сейфуллин көшесі №1 бастап №10 дейінгі үйлер, Ы.Алтынсарин №1 бастап № 20 дейінгі үйлер.

**№722 Аққияқ сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Аққияқ ауылы, Аққияқ бастауыш мектеп ғимараты, Талды көшесі, 10 үй, 8(71031)50056
***Шекарасы:*** Талды көшесі №1 бастап № 14 дейінгі үйлер.

**№723 Шопа сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Шопа ауылы, Шопа бастауыш мектебі, Бұғылы көшесі, 7 үй, 8 (71031)50043
***Шекарасы:*** Бұғылы көшесі №1 бастап № 16 дейінгі үйлер, Достық көшесі №1 бастап №19 дейінгі үйлер.

**№724 Қызылқой сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Қызылқой ауылы, Қызылқой ауылдық клубы, Абай көшесі, 15 үй, 8 (71031)31501
***Шекарасы:*** Абай көшесі №1 бастап №21 дейінгі үйлер, Бейбітшілік көшесі №1 бастап №34 дейінгі үйлер, Тәуелсіздік көшесі №1 бастап № 15 дейінгі үйлер.

**№725 Талды сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Талды ауылы, Мәдениет үйі, Д.Смайлов көшесі, 16 үй, 8 (71031)50603
***Шекарасы:*** Д.Смайлов көшесі №1 бастап № 21 дейінгі үйлер, Сенкібай батыр көшесі № 1 бастап № 10 дейінгі үйлер, Рүстем Мәжитов көшесі №1 бастап № 10 дейінгі үйлер, Наршөккен көшесі №1 бастап № 19 дейінгі үйлер, И.Кішкентаев көшесі №1 бастап № 12 дейінгі үйлер, Ж.Байтуов көшесі №1 бастап № 11 дейінгі үйлер, Бейбітшілік көшесі №1 бастап № 16 дейінгі үйлер, А.Құнанбаев көшесі № 1 бастап № 14 дейінгі үйлер, Жанажұрт-Байбала көшесі №1 бастап № 24 дейінгі үйлер.

**№726 Берекетті сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Берекетті ауылы, Берекетті бастауыш мектебі, Ақшоқы көшесі, 2 үй, 8 (71031)31592
***Шекарасы:*** Ақшоқы көшесі №1 бастап № 10 дейінгі үйлер.

**№727 Жаңа Жұрт сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Жаңа Жұрт ауылы, Жаңа Жұрт бастауыш мектебінің ғимараты, Талды көшесі, 5 үй, 8 (71031) 50607
***Шекарасы:*** Талды көшесі №1 бастап № 6 дейінгі үйлер.

**№728 Қызылтау сайлау учаскесі (Ақшоқы ауылдық округі)**
***Орталығы:*** Қызыттау ауылы, ауылдық клуб, Бірлік көшесі, 79, 8(71031)51406
***Шекарасы:*** Тағылы көшесі №1 бастап №6 дейінгі үйлер, Бірлік көшесі №1 бастап №79 дейінгі үйлер.

**№729 Қойтас сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Қарасаз ауылы, Қарасаз бастауыш мектебі, Қойтас көшесі, 10 үй, 8 (71031)50537
***Шекарасы:*** Қойтас көшесі №1 бастап № 12 дейінгі үйлер.

**№730 Ақбауыр сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Ақбауыр ауылы, Ақбауыр негізгі мектебі, Достық көшесі, 7 үй, 8 (71031) 51302
***Шекарасы:*** Достық көшесі №1 бастап №8 дейінгі үйлер, М.Әкімжанов көшесі №1 бастап №23 дейінгі үйлер.

**№731 Красная Поляна сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Красная Поляна ауылы, Мәдениет үйі, Ленин көшесі, 12 үй, 8(71059)53320
***Шекарасы:*** Гаражная көшесі №1 бастап №14 дейінгі үйлер, Дворука көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Звездная көшесі №1 бастап №11 дейінгі үйлер, Қарамұрын көшесі №1 бастап №24 дейінгі үйлер, Комарова көшесі № 1 бастап №27 дейінгі үйлер, Ленин көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Набережная көшесі №1 бастап №23 дейінгі үйлер.

**№732 Бекет сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Бекет ауылы, Бекет негізгі мектебі, Бәйтерек көшесі 12 үй, 8(71031)31635
***Шекарасы:*** Бәйтерек көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Жеңіс көшесі №1 бастап №14 дейінгі үйлер, Наурыз көшесі №1 бастап №15 дейінгі үйлер.

**№733 Деріпсалы сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Деріпсалы ауылы, Бастауыш мектеп ғимараты, Бірлік көшесі, 4 үй, 8(71042) 40514
***Шекарасы:*** Бірлік көшесі №1 бастап №4 дейінгі үйлер, Нұр көшесі №1 бастап №6 дейінгі үйлер.

**№734 Қарамұрын сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Қарамұрын ауылы, Қарамұрын бастауыш мектебі, Бейбітшілік көшесі, 1 үй, 8(71042)63223
***Шекарасы:*** Бейбітшілік №1 бастап №12 дейінгі үйлер, Достық № 1 бастап №4 дейінгі үйлер.

**№736 Дәрия сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Дәрия кенті, Дәрия орта мектебі, Жамбыл көшесі, 22 үй, 8(71042)61290
***Шекарасы:*** Абай №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Әуезов көшесі №1 бастап №13 дейінгі үйлер, Жамбыл көшесі №1 бастап №13 дейінгі үйлер, Желтоқсан көшесі № 1 бастап №12 дейінгі үйлер, Интернациональная көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер, М.Маметова көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер, Ә.Молдағұлова көшесі № 1 бастап №11 дейінгі үйлер, Момышұлы көшесі №1 бастап №8 дейінгі үйлер, С.Сейфулин көшесі №1 бастап №7 дейінгі үйлер.

**№737 Үңірек сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Үңірек ауылы, Мәдениет үйі, Үңірек көшесі, 8 үй, 8(71031)32269
***Шекарасы:*** Үңірек көшесі №1 бастап № 22 дейінгі үйлер, Тағылы көшесі №1 бастап № 9 дейінгі үйлер, Сарыарка көшесі №1 бастап № 22 дейінгі үйлер, Бұғылы көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Бейбітшілік көшесі №1 бастап №14 дейінгі үйлер.

**№738 Құттыбай сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Құттыбай ауылы, Бастауыш мектеп ғимараты, Бесағаш көшесі, 16 үй, 8(71042)40579
***Шекарасы:*** Бесағаш көшесі №1 бастап № 16 дейінгі үйлер.

**№739 Қармыс сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Қармыс ауылы, Қармыс бастауыш мектебі, Тесік-Тас көшесі, 6 үй, 8(71031)50375
***Шекарасы:*** Тесік-Тас көшесі №1 бастап №30 дейінгі үйлер.

**№740 Тұмсық сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Тұмсық ауылы, Тұмсық бастауыш мектебі, Ұста көшесі, 12 үй, 8(71031)50326
***Шекарасы:*** Ұста көшесі №1 бастап №21 дейінгі үйлер.

**№741 Бұрма сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Бұрма ауылы, Мәдениет үйі, Центральная көшесі, 4 үй, 8(71042)35321
***Шекарасы:*** Байшағыров №1 бастап №30 дейінгі үйлер, Достық көшесі №1 бастап № 38 дейінгі үйлер, Молодежная көшесі №1 бастап №15 дейінгі үйлер, Парковая көшесі №1 бастап №20 дейінгі үйлер, Строительная көшесі № 1 бастап №26 дейінгі үйлер, Центральная көшесі № 1 бастап №14 дейінгі үйлер, Школьная көшесі №1 бастап №37 дейінгі үйлер.

**№742 Мұхтар сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Мұхтар ауылы, Мұхтар негізгі мектебі, Мектеп көшесі, 1 үй, 8(71042)40374
***Шекарасы:*** Бозшакол №1 бастап, №11 дейінгі үйлер, Мұхтар көшесі №1 бастап, №16 дейінгі үйлер, Мектеп көшесі №1 бастап, №4 дейінгі үйлер.

**№743 Ақой сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Ақой ауылы, Мәдениет үйі, Чепурченко көшесі, 19 үй, 8(71042)34564
***Шекарасы:*** Акой көшесі №1 бастап №11 дейінгі үйлер, Қажымұқан көшесі №1 бастап №5 дейінгі үйлер, Қазыбек би көшесі №1 бастап №6 дейінгі үйлер, Сейфуллин көшесі №1 бастап №6 дейінгі үйлер, Чепурченко көшесі № 1 бастап №18 дейінгі үйлер, Школьная көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер.

**№744 Батық сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Батық ауылы, Батық орта мектебі, Жамбыл көшесі 18 үй, 8(71042)36210
***Шекарасы:*** Абай көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер, Батық көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Жамбыл көшесі №1 бастап №33 дейінгі үйлер, Жезқазған көшесі №1 бастап №17 дейінгі үйлер, Майлин көшесі №1 бастап №4 дейінгі үйлер, Сейфуллин көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер.

**№745 Кеншоқы сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Кеншоқы ауылы, Нұра орта мектебі, С.Мұқанов көшесі, 19 үй, 8(71031)50229
***Шекарасы:*** Н.Әбдіров көшесі №1 бастап №11 дейінгі үйлер, Шабанбай би көшесі №1 бастап №28 дейінгі үйлер, Сейфуллин көшесі №1 бастап №12 дейінгі үйлер, С.Мұқанов көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Абай көшесі №1 бастап №27 дейінгі үйлер, Н.Байсейтұлы көшесі №1 бастап №22 дейінгі үйлер.

**№746 Жарық сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** С.Сейфуллин атындағы кент, Мәдениет үйі, С.Сейфуллин көшесі, 17 үй, 8(71042)24598
***Шекарасы:*** Маясар-ақын көшесі №1 бастап №26 дейінгі үйлер, Н.Әбдіров көшесі №1 бастап №50 дейінгі және 77 үйлер, Қазыбек-би көшесі №1 бастап №42 дейінгі үйлер, Жамбыл көшесі №1 бастап №42 дейінгі үйлер, Достық көшесі №1 бастап №25 дейінгі үйлер, Наурыз көшесі №1 бастап №34 дейінгі үйлер, Б.Шамиев көшесі №1 бастап №12 дейінгі үйлер, М.Мәметова көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер, Гагарин көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер, Береке көшесі №1 бастап №21 дейінгі үйлер, Крупская көшесі №1 бастап №28 дейінгі үйлер, Жеңіс көшесі №1 бастап №14 дейінгі үйлер, Абай көшесі №1 бастап №23 дейінгі үйлер, Бұғылы көшесі №1 бастап №42 дейінгі және 54 үйлер, Шевченко көшесі №1 бастап №12 дейінгі үйлер, Т.Әубәкіров көшесі №1 бастап №27 дейінгі үйлер, Бейбітшілік көшесі №1 бастап №39 дейінгі үйлер, Байғозы-батыр көшесі №1 бастап №51 дейінгі үйлер, С.Сейфуллин көшесі №1 бастап №31 дейінгі үйлер.

**№751 Ақшатау сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Ақшатау кенті, Мәдениет үйі, Шахтер көшесі, 8 үй, 8(71033)24571
***Шекарасы:*** Байсейт көшесі №1 бастап №40 дейінгі үйлер, Дия -қажы көшесі № 1 бастап №33 дейінгі үйлер, Абай көшесі №1 бастап №20 дейінгі үйлер, Аралбаев көшесі №1 бастап №30 дейінгі үйлер, Карьерный көшесі №1 үй, Торговый көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Киров көшесі 1, Шоссейный көшесі №1-2 үйлер, Больничный көшесі 1 үй, Махметов көшесі №1 бастап №17 дейінгі үйлер, Школьный көшесі №1 бастап №10 дейінгі үйлер, Торговый көшесі №1 бастап №20 дейінгі үйлер, Садовая көшесі №1, 2, Сейфуллин көшесі №1 бастап №5 дейінгі үйлер, Бостандық көшесі №1, Смағұлов көшесі №1-2 үйлер, Нұржанов көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер, Бейбітшілік көшесі №1 бастап №6 дейінгі үйлер, Шахтер көшесі №1,2 үйлер, Восточная көшесі №1 бастап №4 дейінгі үйлер, Степная көшесі №1 бастап №4 дейінгі үйлер, Қазан көшесі №1 бастап №5 дейінгі үйлер, Стадионная көшесі №1 бастап №3 дейінгі үйлер, Әуезов көшесі №1 бастап №5 дейінгі үйлер, Байтұрсынов көшесі №1,2 үйлер.

**№752 Жарылғап батыр сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Жарылғап батыр ауылы, Ж.Алтайбаев атындағы орта мектеп, 8(71059)51418
***Шекарасы:*** Ы.Алтынсарин көшесі №1 бастап №65 дейінгі үйлер.

**№753 Қарғалы сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Қарғалы ауылы, Қарғалы бастауыш мектеп ғимараты, 8(71041)53001
***Шекарасы:*** Карғалы көшесі №1,2,5,7,8,9,11,12,14,15 үйлер, Жартас қыстағы №1,2 үйлер, Жосабай қыстағы №1 үй, Қарасай қыстағы №1 үй.

**№757 Сары Арқа сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Жоғарғы Қайрақты ауылы, мектеп ғимараты, Кызыл бик көшесі, 12 үй, 8(71031)50577
***Шекарасы:*** Төменгі Қайрақты ауылдық округінің Жоғарғы Қайрақты ауылы, Кызыл бик көшесі №1 бастап №24 дейінгі үйлер, Басала 1 көшесі, Басала 2 көшесі.

**№762 Көктіңкөлі сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Көктіңкөлі ауылы, Көктіңкөлі орта мектебі, Көктінкөлі көшесі, 14 үй, 8(71033) 26272
***Шекарасы:*** Кистафин көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер, Көктіңкөлі көшесі № 1 бастап №32 дейінгі үйлер, Новая көшесі №1 бастап №13 дейінгі үйлер, Сейфуллин №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Садовая көшесі № 1 бастап №32 дейінгі үйлер, Транспортная көшесі № 1 бастап №26 дейінгі үйлер, Центральная көшесі №1 бастап №7 дейінгі үйлер, Төлек батыр көшесі № 1 бастап №37 дейінгі үйлер.

**№763 Жыланды сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Жыланды ауылы, Жыланды бастауыш мектебі, Байғозы батыр көшесі, 19 үй, 8(71033)26341
***Шекарасы:*** Байғозы батыр көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер.

**№764 Әлихан сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Әлихан ауылы, Әлихан негізгі мектебі, Күшікбай батыр көшесі, 1 үй, 8(71042)40713
***Шекарасы:*** Күшикбай батыр көшесі №1 бастап, №43 дейінгі үйлер, 43 разъезд №1 бастап №9 дейінгі үйлер.

**№765 Разъезд сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Разъезд, бастауыш мектеп, 8(71042)40582
***Шекарасы:*** Көктіңкөлі ауылдық округінің Разъезд ауылы.

**№767 Абай сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Жұмыскер ауылы, Мәдениет үйі, М.Мәметова көшесі, 13 үй, 8(71033)25429
***Шекарасы:*** Абай Құнанбаев көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер, К.Байсейітова көшесі №1 бастап №8 дейінгі үйлер, Ә.Молдағұлова көшесі №1 бастап №17 дейінгі үйлер, Т.Бигелдинов көшесі №1 бастап №8 дейінгі үйлер, Б.Момышұлы көшесі №1 бастап №10 дейінгі үйлер, М.Мәметова көшесі №1 бастап 13 дейінгі үйлер, С.Сейфуллин көшесі №1 бастап №7 дейінгі үйлер, О.Беков көшесі №1 бастап №13 дейінгі үйлер, Қ.Мұңайтпасов көшесі №1 бастап №6 дейінгі үйлер, Б.Сүлеймен көшесі №1 бастап №17 дейінгі үйлер, И.Қуанышбаев көшесі №1 бастап №19 дейінгі үйлер.

**№770 Өспен сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Өспен ауылы, Мәдениет үйі, Центральная көшесі, 6 үй, 8(71042)40116
***Шекарасы:*** Новостройка көшесі №1 бастап №17 дейінгі үйлер, Южная көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер, Школьная көшесі № 1 бастап №31 дейінгі үйлер, Центральная көшесі № 1 бастап №31 дейінгі үйлер, Садовая көшесі № 1 бастап №21 дейінгі үйлер, Станционная көшесі № 1 бастап №38 дейінгі үйлер.

**№771 Айғыржал сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Айғыржал ауылы, М.Жапақов атындағы негізгі мектеп, Мамыр көшесі, 10 үй, 8(71042)40260
***Шекарасы:*** Мамыр көшесі №1 бастап №27 дейінгі үйлер.

**№772 Еркіндік сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Еркіндік ауылы, Еркіндік орта мектебі, Мектеп көшесі, 1 үй, 8(71042)40003
***Шекарасы:*** Мектеп көшесі № 2 бастап №30 дейінгі үйлер, Қаражартас көшесі № 1 бастап №47 дейінгі үйлер, Теміржолшылар көшесі № 1 бастап №31 дейінгі үйлер.

**№773 Түлкілі сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Ақсу – Аюлы ауылы, «Мерей» тойханасы С.Сейфуллин көшесі, 73 үй, 8(71031)21163
***Шекарасы:*** Тлеулин көшесі № 1 бастап №115 дейінгі үйлер, Дербісәлі батыр көшесі №1 бастап №63 дейінгі үйлер, С.Сейфуллин көшесі №64 бастап, №220 дейінгі үйлер.

**№774 Мөлтек ауданы**
***Орталығы:*** Ақжал кенті, Ақжал негізгі мектебі, 8(71031)37563
***Шекарасы:*** Әлімшайхы көшесі №1 бастап №8 дейінгі үйлер, Сарыарка көшесі №1 бастап №11 дейінгі үйлер, Қасымжанова көшесі №1 бастап №5 дейінгі үйлер, Жамбыл көшесі №1 бастап №5 дейінгі үйлер.

**Қарқаралы ауданындағы учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан орыны мен шекаралары**

**№327 Бесоба сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Бесоба ауылы, Бесоба мәдениет үйі, Әбдрасыл көшесі 30.
***Шекарасы:*** Бесоба ауылы, Қарашоқы ауылы және Бесоба ауылына қарасты қыстақтар.

**№328 Қызылту сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Қызылту ауылы, Қызылту негізгі мектеп, №13.
***Шекарасы:*** Қызылту ауылы және Қызылту ауылына қарасты қыстақтар.

**№329 Жаңатоған сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Жаңатоған ауылы, Жаңатоған орта мектеп, Ұшқын көшесі №39.
***Шекарасы:*** Жаңатоған ауылы және Жаңатоған ауылына қарасты қыстақтар.

**№332 Аппаз сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Аппаз ауылы, мәдениет үйі, Сейілхан көшесі №10.
***Шекарасы:*** Аппаз ауылы, Жалпақшілік ауылы, Саз ауылы және Аппаз ауылына қарасты қыстақтар.

**№333 Милыбұлақ сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Милыбұлақ ауылы, Милыбұлақ бастауыш мектеп, №55.
***Шекарасы:*** Милыбұлақ ауылы және Милыбұлақ ауылына қарасты қыстақтар.

**№335 Көктас сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Көктас ауылы, мәдениет үйі, Молодежный көшесі №29.
***Шекарасы:*** Көктас ауылы және Көктас ауылына қарасты қыстақтар.

**№336 Жаңажол сайлау учаскесі**
***Орталығы:*** Жаңажол ауылы, Жаңажол негізгі мектеп, №11.
***Шекарасы:*** Жаңажол ауылы, Саумалкөл станциясы және Жаңажол ауылына қарасты қыстақтар.

Медиация – бітімге келудің жолы

# ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ ОРНЫҚТЫРУДЫҢ БІР ТЕТІГІ

Еліміздің ілгері дамуының бірден-бір факторы саяси тұрақтылық, адамдар арасындағы өзара сенім мен татулыққа негізделген жасампаз еңбек екені белгілі. Көп ұлтты, алуан сенімдегі адамдар, түрлі әлеуметтік топтар арасындағы күнделікті өмір анығында қоғамдық келісімнің арқасында бейбіт, тыныш өтуде.

Оны қамтамасыз ету үшін елімізде тиісті заңдардан бөлек көптеген мемлекеттік және қоғамдық институттар жұмыс істеп жатыр. Солардың бірі азаматтар арасындағы дау-шарды сотқа дейін реттеу жолы, медиация ауданымызда ойдағыдай даму үстінде.

Өмір болғасын ел ішінде неше түрлі дау, кикілжің, тіпті жанжалдар болып жатады. 2011 жылы «Медиация туралы» заң қабылдансымен Ақсу-Аюлы ауыл әкімінің өтінішін жерге тастамай медиатор болып тіркеліп, тиісті құжаттар өткіздік, психологиялық денсаулығымыз туралы анықтама бердік. Бітімгер ары таза, сотты болмаған, өмір тәжірибесі мол, жасы қырыққа келген азамат болуы қажет. Заңгерлік білім болуы міндетті емес, алайда дауласушылардың ісі бойынша заңның баптарын оқып-үйренуге тура келді. Бітімгер ретінде қалыптасуымызға облыстық және аудандық соттар ұйымдастырған семинарлардың берген тәлімдері көп көмектесті. Білікті мамандармен таныстық, пікірталастарға қатыстық. Заңгерлер мен психологтардың дәрістерін тыңдадық.

Медиатор дауласушы тараптарға бірдей көңіл бөліп, ара ағайын екеніне көздерін жеткізіп, оларды ортақ шешімге келуге мойын бұрғызушы, қолдан келсе табыстырып, татуластырушы тұлға. Сондықтан екі жаққа да достық, жанашырлық сезіммен қарауың керек. Себебі екеуі де медиациялау жүргізуді саған сеніп, келісімін беріп отыр.

Медиациялық жұмыстың көзге көріне бермейтін ішкі ірімдері, әдіс, амалдары жетерлік.

Кәсіби емес медиаторлар тегін жұмыс істейді. Заңда оларға тек барып-келу жол ақысын, тамағын және медиация жүргізуге байланысты басқа шығындарын өтеу қарастырылған. Бұл жерде бітімгердің еңбегіне ақы төлеу ескерілмеген. Анығында даулы істің қалайда материалдық немесе моральдық құны бар, неге сол негізге алынбасқа? Содан да болар медиаторлық ақысыз қызметке адамдар көп бара бермейді. Тіпті барып тұрып тастап кеткендер бар.

Медиациялаудың істері сотқа дейін барған жанжалдасушы тараптарға тиімділігі сол, олар мемлекеттік баж салығын төлемейді, адвокат жалдамайды, экспертиза жасатуға шығынданбайды, куәгер іздеп жүгірмейді. Екі жақ медиация жолымен бітімге келсе іс жасалған үш жақты шарт негізінде тоқтатылады, ешкімге статья жамалмайды. Ал, егер шартта көрсетілген келісімді бір жақ орындамаса немесе орындауды кешіктір- се дауды медиация жолымен реттеу шарты бұзылды деп есептеп сотта жатқан істі қайта көтеруге және заң жолымен шешуіне құқығы бар.

Өзімнің медиатор ретіндегі жұмысым туралы айта кетсем, алғашқы жылдары бітімгершіліккe жүгіну көп болған жоқ. Жылына не бәрі 5-6 іс. Тек соңғы екі жылда дауларды медиация тәсілімен қарау күрт артты. Оған дәлел, егер 2016 жылы жыл бойы 16 іс қарасам, биылғы сегіз айда 14 істі медиациялаппын, яғни істі сотқа жібермей, келісімге келтіріппін. Өкінішке орай бітімге келмегендер де болды. Алайда олар көп емес, жылына 2-3 іс.

Дегенмен медиацияның пайдасын халық түсіне бастаған сияқты.

Өркениетті елдерде азаматтық дау-шарлардың 80 пайызы медиация жолымен бітісетінін ескерсек бұл әдіс бізде кең жайылады деген сөз. Келешекте жанжалдасушы тараптар істерін бірден сот пен прокуратураға ала жүгірмей ауылдардағы медиаторға шығып, келістіруін өтініп дауды оңтайлы шешіп жатса қандай ғанибет. Сондықтан дау-шарды қараушы медиатордың өзі ортасында беделді, ауызы уәлі, ауыл әкімдігінде тіркелген, құжаттары түгел азамат болуы керек. Заң бойынша медиаторлар тізімі жылда жаңартылып бекітілуі қажет. Тізімді газетке жариялаcа да болады.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясында сөйлеген сөзі мен ұсынысын орындау мақсатында облыс әкімдігі жанынан құралған «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесі ҚХА облыстық филиалының аясында барлық қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарды біріктіріп отыр. Осы мекеменің бір бөлімі облыстағы медиация ісімен тікелей шұғылданууда. Бұл қуанышты жаңалық. Бөлімнің ұйымдастыруымен семинар, дөңгелек үстел өтті.

Қоғамымыздың ынтымағы мен бірлігі үшін жанын салып еңбек етіп жүрген ұландарымызға сәттілік тілеймін.

Ал ел ағаларына елді жарастырушы сауаты іске заңды түрде араласып, алғыс алуларын сұраймын.

**Е.ЖӘНІБЕКОВ,**
**медиатор.**

---

**«Шет ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-сі «Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін жалға беру жөніндегі конкурстың» 2017 жылдың тамыз айының 24 күні өткізілген конкурстық комиссиясының қорытындысына сәйкес, өтінімдері ұтқан төмендегі женімпаздарды хабарлайды:**

1. № 2, 11 Лоттар бойынша жер телімдеріне өтінім беріп қатысушы Бакыт Арыстанова шаруа қожалығының жетекшісі жеңімпаз болып танылды.
2. № 12 Лоттар бойынша жер телімдеріне өтінім беріп қатысушы «Несібе 2030» ЖШС, жеңімпаз болып танылды.
3. № 10 Лот бойынша жер теліміне өтінім беріп қатысушы Кенжитай Жуматаев шаруа қожалығының жетекшісі жеңімпаз болып танылды.
4. № 68, 117 Лоттар бойынша жер телімдеріне өтінім беріп қатысушы Дархан Хабдуллаулы Удешов «Дастан» шаруа қожалығының жетекшісі жеңімпаз болып танылды.
5. № 80, 81 Лот бойынша жер телімдеріне өтінім беріп қатысушы «Адал бірлестік-2017» АӨК, жеңімпаз болып танылды.
6. № 105, 108 Лоттар бойынша жер телімдеріне өтінім беріп қатысушы Бакыт Абдукаримовна Толеубаева шаруа қожалығының жетекшісі жеңімпаз болып танылды.
7. №112 Лот бойынша жер теліміне өтінім беріп қатысушы Данияр Николаевич Сурма «Дәметкен» шаруа қожалығының жетекшісі жеңімпаз болып танылды.
8. № 113 Лот бойынша жер теліміне өтінім беріп қатысушы Раушан Жолдасбаевна Саргаскаева шаруа қожалығының жетекшісі жеңімпаз болып танылды.

**«Шет ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-сі.**

---

**ГУ «Отдел земельных отношений Шетского района» объявляет победителей «конкурса по предоставлению в аренду на 10 лет земельных участков сельскохозяйственного назначения для ведения сельскохозяйственного производства», проведенного 24 августа 2017 года, в соответствии с заключением конкурсной комиссии, выигравших по следующим заявкам:**

1. По Лотам № 2, 11 Победителем признан участник конкурса - Арыстанова Бакыт.
2. По Лоту .№ 12 Победителем признан участник конкурса - ТОО «Несібе 2030».
3. По Лоту № .№ 10 Победителем признан участник конкурса - Жуматаев Кенжитай
4. По Лоту № 68, 117 Победителем признан участник конкурса - Удешов Дархан Хабдуллаулы
5. По Лоту № 80, 81 Победителем признан участник конкурса - СПК «Адал бірлестік-2017»
6. По Лоту № 105, 108 Победителем признан участник конкурса - Толеубаева Бакыт Абдукаримовна
7. По Лоту № 112 Победителем признан участник конкурса - к/х «Дәметкен» Сурма Данияр Николаевич
8. По Лоту № 113 Победителем признан участник конкурса - Саргаскаева Раушан Жолдасбаевна.

**ГУ «Отдел земельных отношений Шетского района».**

---

# ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

**Жоба**

**Аудан бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған аудан бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жетекшілік ететін Шет ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Шет ауданының**
**әкімі М.ЖАНДӘУЛЕТОВ.**

---

# ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ШЕТСКОГО РАЙОНА

**Проект**

**Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера подушевого финансирования и родительской платы на 2017 год по району**

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании» акимат Шетского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Утвердить прилагаемый государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы на 2017 год по району.

2.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Шетского района.

3.Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Аким Шетского**
**района М.ЖАНДАУЛЕТОВ.**

---

# АҚОЙ АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді-мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезіндегі тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес 2017 жылдың 31 қыркүйегі күні сағат 15.00 де Мәдениет үйінің ғимаратында Ақой ауылындағы тарихи тұрғыда ескірген көшелерді қайта атау бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өтеді.

Барлық ұсыныстар мен ескертпелер Ақой ауылы, Чепурченко көшесі 19, мекен жайында орналасқан Ақой ауылдық әкім аппаратында және Шет ауданының мәдениет және тілдер дамыту бөлімінде қабылданады.

---

# БОСАҒА АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 ақпанындағы №138 қаулысымен бекітілген Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларына сәйкес 2017 жылдың 18 қыркүйек күні сағат 15.00 де Босаға ауылындағы Мәдениет үйінде Босаға ауылындағы көшелерді қайта атау бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өтеді.

Барлық ұсыныстар мен ескертпелер Босаға ауылдық округі, Босаға ауылы, Айқымбеков көшесі, 30 мекен-жайында орналасқан Босаға ауылдық округі әкімі аппаратында және Шет ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде қабылданады.

---


# ҮЙ САТЫЛАДЫ

Ақсу-Аюлы ауылы, Жанқұтты би көшесіндегі №120, 4 бөлмелі үй сатылады. Ауласы кең, 0,25 га жер телімі, қора - жайы, моншасы, жазғы үйі (кухня) бар. Жалға беруге де келісеміз.

Тел:21-4-32.
Ұялы тел. 8701 2775398

**Спорт**

# ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақстан-2050» Стратегиясында елдің болашағының негізі ретінде салауатты қоғамды қалыптастыруға қатысты басты басымдылықтар айтылған. «Дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады», - деп атап өткен. Жалпы салауатты өмір салты дегеніміз - бұл адамның тіршілік ету әрекетінің тұжырымдамасы, дұрыс тамақтануға, дене даярлығы, денсаулықты сақтауға және жақсартуға, зиянды әдеттерден бас тартуға моральдық тұрғыда дайын болу.

Әлемде бірінші кезекте спортпен жаппай шұғылдану халықты сауықтыру, өзін - өзі тану, өз ойын ашық білдіру, бейәлеуметтік құбылыстарға қарсы тұру механизмі болып табылады. Сондықтан мемлекетіміз спортпен айналысу мәселесінің ерекше маңыздылығына көңіл бөліп, халықты спортпен шұғылдануға шақырады. Жаппай спорттың даму процестері: мемлекеттің спортты дамытуға қолдау жасау рөлін арттыру. Сонымен қатар спортты профилактика және емдеу шараларында пайдалану, әлеуметтік келеңсіз оқиғалардың алдын алу, адамгершілікке баулу, жастардың эстетикалық және интеллектуалдық дамуында пайдалану т.б. формадағы қызметтерді ұйымдастыру болып табылады.

Қазақстандықтар арасында жалпы спорт және дене шынықтыруды әйгілеу мақсатында, 1999 жылдан бас-тап, республикамыздың барлық өңірлерінде жыл сайын қыркүйек айында «Денсаулық фестивалі» өткізіледі. Бүгінде бұл жас талғамайтын нағыз денсаулық мерекесіне айналды.

9 қыркүйекте аудан орталығында «Жаяу жүру зиян емес» ұранымен өтетін «Денсаулық фестиваліне» тегіс қатысайық.

**Д.НҰРТАЕВ,**
**аудандық орталық аурухана директоры.**

## ТӨЛЕУКЕНОВ СӘМБЕТ



Үстіміздегі жылдың 30 тамызында 77 жасында даңғайыр механизатор, іскер ұйымдастырушы, еңбек ардагері Төлеукенов Сәмбет дүниеден озды.

Төлеукенов Сәмбет 1940 жылы 16-шы тамызда Шет ауданында туған. Жастайынан еңбекке араласқан оның өмірі ауыл шаруашылығымен тікелей байланысты болды. Шаруашылықтағы алғашқы тракторшылардың бірі атанған жан бөлімшедегі науқандық жұмыстардың бел ортасынада жүрді.

Еңбек десе жанып тұратын іскер азаматтың бойындағы қасиетін бағалаған шаруашылық басшылары оны бригадир дәрежесіне жоғарылатты. Іскер жан Еңбекшіл бөлімшесінде құрылған «Береке» комсомол жастар бригадасын ұзақ жылдар басқарып, тәлімгер атанды. Аудандық, облыстық, республикалық жарыстың әлденеше мәрте жеңімпазы атанды.

Оның адал еңбегі «Ленин», «Октябрь революциясы» ордендерімен, көптеген медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен атап өтілді. Қарапайым еңбегінің арқасында аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат ретінде қатысып, шаруашылық өміріндегі мәселелерді шешуде үлкен жұмыстар атқарды. Ол тамаша отбасы иесі, қамқор әке, абзал ата болды.

Ұйымдастырушылық қабілеті зор, адамгершілігі мол абзал жанның абыройлы істері мен жарқын бейнесі оны жақын білетіндер мен бірге жұмыс атқарған жандардың жүрегінде мәңгі сақталатын болады.

**М.Жандәулетов, Б.Төлеуқұлов, М.Мұхтаров, А.Әбілдин, М.Жұмкин, О.Стыбаев, М.Жонкина, Қ.Сейілбеков, Б.Арыстанбеков, Ж.Сағадиев.**

## Көңіл айту

Аудан әкімдігі, аудандық мәслихат және аудандық соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесі ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан еңбек ардагері

**Сәмбет Төлеукенұлының**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Көңіл айту

Аудан әкімдігі, аудандық мәслихат “Шет ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автокөлік жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі” ММ-і бөлімінің басшысы Қасым Есенбай Бейсенбайұлына жұбайы

**Бақыттың**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Көңіл айту

Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы базасындағы тірек мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Баян Сәмбетқызына

**әкесінің**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

20.05.2017 жылы қайтыс болған Мусаева Денекердің атына мұрагерлік іс ашылды.

Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады.

Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

20.12.2008 жылы қайтыс болған Атшыбай Құлиманың атына мұрагерлік іс ашылды.

Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады.

Мекен жайы: Шет ауданы, Аксу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй.

## Көңіл айту

Аудандық “Шет шұғыласы” газетінің ұжымы “Шет ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автокөлік жолдары және тұрғын үй инспекциясы”ММ-і бөлімнің басшысы Қасым Есенбай Бейсенбайұлына

**жұбайының**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Көңіл айту

Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы базасындағы тірек мектебінің ұжымы осы мектептің зейнеткер ұстазы

**Ғабдолла Бақыттың**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Еске алу

Нұраталды ауылының тұрғыны болған, ардақты ана, асыл әже **ӘБДІРАЗАҚҚЫЗЫ Қапузанның** өмірден озғанына қыркүйек айының 8-і күні 40 күн толады.

Отбасының саялы бәйтерегі, бәрімізді саналыққа баулыған, ұл-қыз тәрбиелеп өсірген, өз ортасына сыйлы, қадірлі болған аяулы жанның орны төрімізден ойсырап тұр. Асыл Ана күлімдеген жарқын бейнен жүрегімізде мәңгі сақталады. Қадірлі жан анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Жан-Ана ұл-қызыңның тірегі едің,
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін қасымызда,
Айтқан сөзің, ақылдарың жадымызда.

Еске алушылар: **балалары, немерелері, жиендері, Қасымовтар отбасы.**

Анамыздың 40 күндік асы Нұраталды ауылындағы “Салауат” дәмханасында қыркүйек айының 8-і күні сағат 11.00-ден бастап беріледі.

Анамыздың 40 күндік асына туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, ауылдастарды, анамыздың көзін көрген жамағаттарды шақырамыз.

## Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған асыл жар, балаларының аяулы анасы, немере-жиендерінің сүйікті әжесі **ӨТЕБАЕВА Орынтай Қолқанбайқызы** 81 жасында фәниден бақиға озғанына 7-ші қыркүйек күні 40 күн толады. Аяулы анамыз бәрімізді өсіріп, ержеткізіп, өмірден өз орнымызды адаспай табу үшін қамқор болған. Анамыздың асыл бейнесі жүрегімізден өшпек емес. Аналық асыл бейнесін, жарқын жүзін сағына еске аламыз. Мейірімді, жүрегі кең, балаларына, немерелеріне қамқор болған анамызды еске алып, Алладан иман тілеп, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дей отырып, рухына құран бағыштаймыз.



Жақсы адамның сөнбес жанған шырағы,
Жақсы адамның суалмайды бұлағы.
Өзіңізді ана, әже ешқашан ұмытпаймыз,
Нұрлы бейнеңіз жадымызда тұрады.

Үлгі болар тәрбиең мен қасиетің,
Ұмытылмайды әрбір сөз,өсиетің.
Ұрпағыңыз бар өмірді жалғастырар,
Тағзым етіп әруағыңызға бас иетін.

Еске алушылар: жолдасы - **Төлеу, балалары, немерелері, шөберелері.**

Анамыздың 40 күндік асы 9-шы қыркүйек күні “Ақсу-Аюлы” дәмханасында сағат 13.00-де беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, анамыздың көзін көрген замандастарын, балаларының ұжымдарын, жора-жолдастарын шақырамыз.

## Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, Астана қаласының тұрғыны болған біреуге сүйікті ұл, біреуге асыл жар, біреумізге қимас бауыр, ардақты әке, адал дос бола білген **ЖАКУПОВ Сәкен Әуесханұлының** өмірден озғанына 8-ші қыркүйек күні 40 күн толады. Үлкендерге адал іні, қатарына сыйлы, кішіге қамқор аға болған асыл азаматымыздың өмірден өткені қабырғамызды қайыстырып кетті. Бәйтерек сынғанмен артында тамыры қалды. Аллаға шүкір, артында қалған балапандары өзі тәрбиелегендей әке жолын жалғастыратын болады. Ағайын-туыс, бауырларының арасында өзіндік орны бар, дос-жаранға сыйлы болған асыл жанның жарқын бейнесін сағына еске аламыз. Жатқан жері жайлы, топырағы мамық болсын дейміз.



Жүректерді жазылмайтын мұң басып,
Қалды артыңда туғандарың, көп досың.
Бір атаның сынығы едің, ардақты,
Мейірімді Аллаһ енді жар болсын!

Тағдырдың жазуына бар ма шара?
Атыңызға бағыштаймыз құран-дұға.
Көрмеген бұл жалғанда қызықтарды,
Тілейміз берсе екен деп ұрпағыңа.

Еске алушылар: анасы - **Мәкен,** жұбайы - **Гүлмира**, балалары - **Абылайхан-Әлия, Айым-Нұрлан**, немерелері - **Мирас, Диас, Айлин** және **бауырлары**, **Жакуповтар әулеті.**

Марқұмның 40 күндік асы 8-ші қыркүйек күні сағат 13.00-де “Тілек” дәмханасында беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, жора-жолдастарды шақырамыз.

## Көңіл айту

Аудандық білім бөлімі “Шет ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автокөлік жолдары және тұрғын үй инспекциясы”ММ-і бөлімінің бөлімнің басшысы Қасым Есенбай Бейсенбайұлына

**жұбайының**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Көңіл айту

“Шет ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автокөлік жолдары және тұрғын үй инспекциясы”ММ-і бөлімінің ұжымы, осы бөлімнің басшысы Қасым Есенбай Бейсенбайұлына

**жұбайының**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА 4 қыркүйектен 10 қыркүйекке дейін

### ДҮЙСЕНБІ, 4-қыркүйек

**Қазақстан**
6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан.
9.00, 17.00, 20.00, 23.50 Жаңалықтар, новости.
10.00, 1.10 HIT QAZAQSTAN.
10.35 М/ф. 11.05 Апта.
12.10, 21.45 «Інкәр жүрек», т/х.
13.00, 0.50 EXPO ақпарат.
13.15, 2.50 Бірге таңдаймыз.
14.10 «Өмірдің өзі новелла».
15.00 Әйел бақыты.
16.05, 19.00 Т/х «Ақ пен қара».
17.15, 0.40 Елден хабар.
17.30 «Мен қазақпын».
17.50, 1.00 EXPO – ғылым мекені.
18.00, 2.20 Менің Қазақстаным.
18.30, 1.45 Мәселе.
20.30, 0.20 Басты тақырып.
20.50 Айтуға оңай…
22.40 «Ертұғырыл» т/х.
23.35 Дабыл.
3.35 Көңіл толқыны.

**Хабар**
7.02, 12.00, 2.45 «Ауырмайтын жол ізде».
7.30 Жаңа күн.
10.10, 16.55, 17.55, 18.50 EXPO life.
10.15 Т/с «Вишневый сезон».
11.15 «Ғашық жүрек» т/х.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.00, 18.00 «Знать будущее. Жизнь после Ванги».
14.00 Т/с «Такая работа».
15.00, 0.55 «Бәсеке».
15.30 Біздің назарда.
15.45 Сана.
16.15, 1.30 «Тағдыр тартысы».
17.00 Народный контроль.
17.15 «Взгляд в будущее».
18.55 Негізінде.
19.00, 21.00, 23.40, 2.20 Жаңалықтар, новости.
19.35 Бетпе-бет.
20.00 Арнайы хабар.
20.30 Бюро расследований.
20.55 По сути.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
23.00 «Код нации».
0.10 Т/с «Осколки».
2.10 «Заң бойынша».

**Евразия**
6.00, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости.
6.05 Жить здорово!
7.00 Доброе утро.
10.00 Поле чудес.
11.05, 2.55 Басты патруль.
11.15, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым» т/х.
15.00 Т/с «Между нами, девочками».
15.55 На самом деле.
16.55 Пусть говорят.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45, 23.55 Х/ф «Фамильные ценности».
1.05 Т/с «Восхождение на Олимп».
3.05 «Алаулаған сезім» т/х.
4.35 Модный приговор.

### СЕЙСЕНБІ, 5-қыркүйек

**Қазақстан**
6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан.
9.00, 17.00, 20.00, 23.50 Жаңалықтар, новости.
10.00, 1.00 HIT QAZAQSTAN.
10.35 М/ф.
10.50 «Қалампыр», т/х.
11.25 Қызық екен…
12.10, 21.45 «Інкәр жүрек» т/х.
13.00, 0.50 EXPO ақпарат
13.15, 2.40 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.40 «Ертұғырыл» т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.05, 19.00 Т/х «Ақ пен қара».
17.15, 0.40 Елден хабар.
17.30 Көңіл толқыны.
17.50, 2.20 «100 бизнес-бастауы».
18.15, 1.35 Ене мен келін.
20.30, 0.20 Басты тақырып.
20.50 Айтуға оңай…
23.35 Дабыл.
3.25 «Ару ана».

**Хабар**
7.02, 12.00, 2.30 «Ауырмайтын жол ізде» д/ф. 7.30 Жаңа күн.
10.10, 18.50 EXPO life.
10.15 Т/с «Вишневый сезон».
11.15 «Ғашық жүрек» т/х.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.00, 18.00 «Знать будущее. Жизнь после Ванги».
14.00, 23.00 Т/с «Такая работа».
15.00, 0.45 «Бәсеке», т/х.
15.30 Біздің назарда.
15.45 Біздің үй.
16.30, 1.20 «Тағдыр тартысы».
17.00 Народный контроль.
17.15 Давайте говорить.
18.55 Жаһандық саясат.
19.00, 21.00, 2.00 Жаңалықтар, новости
19.35 «Пәленшеевтер».
20.05 «Қария» т/х.
20.55 Большая политика.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
0.00 Т/с «Осколки».

**Евразия**
6.00 Жить здорово!
6.45, 10.00, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости. 7.30 Доброе утро.
11.00, 2.55 Басты патруль.
11.10, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым».
15.00 Т/с «Между нами, девочками»
15.55 На самом деле.
16.55 Пусть говорят.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45, 23.55 Т/с «Фамильные ценности».
1.05 Т/с «Восхождение на Олимп».
3.05 «Алаулаған сезім» т/х.
4.35 Модный приговор.

### СӘРСЕНБІ, 6-қыркүйек

**Қазақстан**
6.05 Концерт.
7.00 Таңшолпан.
9.00, 17.00, 20.00, 23.50 Жаңалықтар, новости.
10.00, 1.05 HIT QAZAQSTAN.
10.35 М/ф.
10.50 «Қалампыр» т/х.
11.25 Қызық екен.
12.10, 21.45 «Інкәр жүрек» т/х.
13.00, 0.55 EXPO ақпарат
13.15, 3.00 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.40 «Ертұғырыл», т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.05, 19.00 «Ақ пен қара».
17.15, 0.45 Елден хабар.
17.30 Көңіл толқыны.
17.50, 2.45 «Кәсіп пен нәсіп».
18.15, 1.40 Ене мен келін.
20.30, 0.25 Басты тақырып.
20.50 Айтуға оңай…
23.35 Дабыл.
2.25 Ақсауыт.

**Хабар**
7.02, 12.00, 2.30 «Ауырмайтын жол ізде».
7.30 Жаңа күн.
10.10, 18.50 EXPO life.
10.15 Т/с «Вишневый сезон».
11.15, 20.05 «Қария» т/х.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.00 «Знать будущее. Жизнь после Ванги».
14.00, 23.00 Т/с «Такая работа».
15.00, 0.45 «Бәсеке» т/х.
15.30 Білу маңызды.
15.45 Біздің үй.
16.30, 1.20 «Тағдыр тартысы».
17.00 Важно знать.
17.15 Давайте говорить.
18.00 «Ғашық жүрек» т/х.
18.55 Негізінде.
19.00, 21.00, 0.00, 2.00 Жаңалықтар, новости.
19.35 «Пәленшеевтер» т/х.
20.55 По сути.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
0.00 Т/с «Осколки».

**Евразия**
6.00 Жить здорово!
6.45, 10.00, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости.
7.30 Доброе утро.
11.00, 2.55 Басты патруль.
11.10, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым».
15.00 Т/с «Между нами, девочками».
15.55 На самом деле.
16.55 Пусть говорят.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45, 23.55 Х/ф «Фамильные ценности».
1.05 Т/с «Восхождение на Олимп».
3.05 «Алаулаған сезім» т/х.
4.35 Модный приговор.

### БЕЙСЕНБІ, 7-қыркүйек

**Қазақстан**
6.05 Концерт.
7.00 Таңшолпан.
9.00, 17.00, 20.00, 23.50Жаңалықтар, новости.
10.00, 1.00 HIT QAZAQSTAN.
10.35 М/ф.
10.50 «Қалампыр» т/х.
11.25 Қызық екен.
12.10, 21.45 «Інкәр жүрек» т/х.
13.00, 0.50 EXPO ақпарат
13.15, 2.45 Бірге таңдаймыз.
14.10, 22.40 «Ертұғырыл» т/х.
15.00 Әйел бақыты.
16.05, 19.00 «Ақ пен қара» т/х.
17.15, 0.40 Елден хабар.
17.30 «Мен қазақпын».
17.50, 2.20 Келбет.
18.15, 1.35 Ене мен келін.
20.30, 0.20 Басты тақырып.
20.50 Айтуға оңай…
23.35 Дабыл.
3.20 Көңіл толқыны.

**Хабар**
7.02, 12.00, 2.30 «Ауырмайтын жол ізде».
7.30 Жаңа күн.
10.10, 18.50 EXPO life.
10.15 Т/с «Вишневый сезон».
11.15, 20.05 «Қария» т/х.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.00 «Знать будущее. Жизнь после Ванги».
14.00, 23.00 Т/с «Такая работа».
15.00, 0.45 «Бәсеке» т/х.
15.30 Білу маңызды.
15.45 Біздің үй.
16.30, 1.20 «Тағдыр тартысы».
17.00 Важно знать.
17.15 Давайте говорить.
18.00 «Ғашық жүрек» т/х.
18.55 Негізінде.
19.00, 21.00, 2.00 Жаңалықтар, новости.
19.35 «Пәленшеевтер» т/х.
20.50 Открытый диалог.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
0.00 Т/с «Осколки».

**Евразия**
6.00 Жить здорово!
6.45, 10.00, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости.
7.30 Доброе утро.
11.00, 2.55 Басты патруль.
11.10, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым».
15.00 Т/с «Между нами, девочками».
15.55 На самом деле.
16.55 Пусть говорят.
18.45, 3.45 «20 минут» т/х.
20.45, 23.55 Т/с «Фамильные ценности».
1.05 Т/с «Восхождение на Олимп».
3.05 «Алаулаған сезім» т/х.
4.35 Модный приговор.

### ЖҰМА, 8-қыркүйек

**Қазақстан**
6.05, 2.50 Концерт.
7.00 Таңшолпан.
10.00, 1.10 HIT QAZAQSTAN.
10.35 М/ф.
10.50 «Қалампыр».
11.25 Қызық екен…
12.10 Көңіл толқыны.
12.45 Қазақ күресі «Әлем барысы».
20.00, 0.40 Жаңалықтар, новости.
20.35 «Сазгер».
22.05 «Інкәр жүрек» т/х.
23.00 «Ертұғырыл», т/х.
23.50 Дабыл.
0.05 «Парасат майданы».
1.45 Дара жол.

**Хабар**
7.02, 12.00, 2.30 «Ауырмайтын жол ізде».
7.30 Жаңа күн.
10.10, 18.50 EXPO life.
10.15 Т/с «Вишневый сезон».
11.15, 20.05 «Қария» т/х.
12.30 Сиқырлы ас үй.
13.00 «Знать будущее. Жизнь после Ванги».
14.00, 23.00 Т/с «Такая работа».
15.00, 0.45 «Бәсеке» т/х.
15.30 Біздің назарда.
15.45 Сана.
16.30, 1.20 «Тағдыр тартысы».
17.00 Народный контроль.
17.15 Давайте говорить.
18.00 «Ғашық жүрек» т/х.
18.55 Жаһандық саясат.
19.00, 21.00, 2.00 Жаңалықтар, новости.
19.35 «Пәленшеевтер» т/х.
20.55 Большая политика.
21.35 «Батыл жүрек» т/х.
0.00 Т/с «Осколки».

**Евразия**
6.00 Жить здорово!
6.45 Жұма уағызы.
7.00, 10.00, 18.00, 20.00 Жаңалықтар, новости.
7.45 Доброе утро.
11.00 Басты патруль.
11.10, 23.00 П@утina.
12.00 «Қалаулым».
15.00 Х/ф «Мой папа летчик».
16.45 Жди меня.
18.45, 3.50 «20 минут» т/х.
20.45 Поле чудес.
22.00, 23.55 Т/с «Три дороги».
2.50 «Алаулаған сезім».
4.40 Модный приговор.

### СЕНБІ, 9-қыркүйек

**Қазақстан**
6.05 Концерт.
7.30 «Айналайын» т/х.
8.35 Ақсауыт.
9.00 «Сенбілік таң».
10.10, 2.50 HIT QAZAQSTAN.
11.05 «Ару ана».
11.30 «Ел ішінде».
11.50 Әзіл әлемі.
13.10 «Сенің орныңда».
13.40 М/ф.
15.00 К/ф «Қазына».
17.50 Жайдарман.
19.05, 3.25 Ене мен келін.
19.55 Кәсіпқой бокс. Қ.Ислам – Б.Кук.
23.00 К/ф «Лашықтан шыққан миллионер».
1.10 Т/с «Шерлок».

**Хабар**
7.02 Қалжың қоржыны.
8.10 Әсем әуен.
8.40, 18.10 EXPO-life.
8.45 Өзін-өзі тану.
9.00 Продвопрос.
9.20 Золотая середина.
10.15 «Төлен Әбдік», д/ф.
10.45 Я-чемпион.
11.15 М/ф.
11.45 Х/ф «Медведь Йоги».
13.15 Хабарлайын.
13.45 Қызықtimes.
15.00 Ду-думан.
16.15 Молодежное юмористическое шоу.
17.30 Мечты сбываются.
18.15 «Ақ күн» т/х.
19.15 Концерт.
21.00 Жеті күн.
22.00 Х/ф «Солт».
0.00 «Құрбылар» т/х.
1.20 Қазақстан театры.

**Евразия**
6.00 Идеальный ремонт.
6.45, 21.00 Жаңалықтар.
7.25 Т/с «Копье судьбы».
8.30, 4.20 Той заказ
9.00 Смак.
9.40 Х/ф «Гувернантка».
11.45 Фабрика грез.
12.05, 2.35 Әйел сыры.
13.05 Тамаша City.
14.00, 23.00 П@утina+.
15.00 Х/ф «Случайных встреч не бывает».
19.45 Добрый вечер, Казахстан!
21.40 Кешкі кездесу.
0.00 КВН.
1.55 Теория заговора.
3.20 Кешкі кездесу.

### ЖЕКСЕНБІ, 10-қыркүйек

**Қазақстан**
6.05 Концерт. 7.10 «Айналайын» т/х.
8.15 Таңшолпан.
11.15 Дара жол. 9.05 Ақсауыт.
12.30, 2.40 «Нұрлы жол болашаққа бастар жол»
13.00 «Сазгер».
14.35, 3.10 «24 сағат табиғат құшағында».
15.10 К/ф «Қазына».
18.00 Көңіл толқыны.
19.00 Апта.
20.00 EXPO-2017 жабылу салтанаты.
22.00 Мен қазақпын.
23.20 Көңілді тапқырлар алаңы.
1.25 «Өмірдің өзі новелла».
2.15 Ақсауыт.

**Хабар**
7.02 Қалжың қоржыны.
8.30 Әсем әуен.
9.00 Самопознание.
9.10 Ас арқау.
9.40 Бенефис-шоу. 11.00 М/ф.
13.30 «Одна судьба».
14.30, 1.00 «Ақ күн» т/х.
15.30 Концерт.
18.00 Компромат.
18.45 Қызықtimes.
20.00 EXPO-2017 көрмесінің жабылуы.
23.00 Жеті күн.
0.00 К/ф «Ән-ағa».
2.00 «Құрбылар» т/х.

**Евразия**
6.00 Идеальный ремонт.
6.45 Т/с «Копье судьбы».
7.45 Жаңалықтар.
8.25, 3.45 Той заказ.
8.50 Воскресные беседы.
9.05 Т/с «Все к лучшему».
12.50, 23.10 Ayel siri.
13.45, 23.00 П@утina+.
14.55 «Один на один».
15.45 Х/ф «Безопасность».
20.00 Аналитика.
21.00, 3.00 Тамаша City.
22.00 Той базар.
0.00 Х/ф «Взлом».

Салтанат

# АЙБАРЛЫ ЕЛДІ АСҚАҚТАТАР АТА ЗАҢ

С.Сейфуллин атындағы кентте Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 22 жыл толуына орай мерекелік іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар атқарылды.Мереке қарсаңында кент көшелері мерекеге сай безендіріліп, көше жарықтары қалыпты түрде жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.Кент кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылып, өткізілді.



Мәдениет үйінде өткізілген мерекелік кеште кент әкімі Б.Серіков жиналған кент тұрғындарына құттықтау тілегін білдіріп, баяндама жасады. Будан соң сөз алған аудандық мәслихат депутаты А.Балғабек мерекемен құттықтап өтті.Мереке соңында республикалық, облыстық сайыстарда топ жарып жүрген өнерпаздардың қатысуымен мерекелік концерт ұйымдастырылды. Сол күні мерекелік кеш кент жастарына арналған би кешіне ұласты.

**Т.ҚУАНЫШБАЕВ,**
**әлеуметтік қызметкер.**
**С.Сейфуллин атындағы кенті.**

Құттықтаймыз!

Қадірлі әріптесіміз **ДАТКИНА Ибагүл Кәрігұлқызын** 1-ші қыркүйек күні 58 зейнеткерлік жасқа толып отырған мерейлі туған күнімен құттықтаймыз.

Осы қуанышты күні деніңізге саулық, жанұяңызға бақыт тілейміз. Балаларыңыздың тек қызығын көріңіз.



Мекен етсін жанұяңда жақсылық,
Өсе берсін бала-шаға шат күліп.
Ортаймасын қуанышың, қызығың,
Әлдилесін жақсы тілек, тәтті үміт.

Отбасы ортасында ойнап күліп,
Берсін Алла бір басыңа қайраттылық.
Біз тілейміз шаттық пен жақсылықты,
Жүре бер ортамызда жайнап, күліп.

Игі тілекпен, құттықтаушылар - **Нұра, Гүлбарам, Балжан, Айгүл, Зәуреш, Таня, Жұмакүл, Мақсат, Нәсіпкүл, Жанакүл, Алтынай, Алуа, Нұргүл, Сандуғаш, Жанар.**

Ауыл береке

# КЕНТТЕ ӨТКЕН ШАҒЫН ЖӘРМЕҢКЕ

Бейсенбі күні Ақадыр кентінің Абай көшесінде шағын жәрмеңке ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге Тараздың Сарыкемер ауылынан, Ақадыр кентінен, Қарағанды қаласынан жеке кәсіпкерлер қатысып, өз өнімдерін ұсынды.

Кент әкімі Д.Кәрсембаев, кент әкімінің орынбасары Қ.Бекқожин, кент әкімдігінің бас маманы А.Жазыбекова жәрмеңкені аралап, өнімдердің бағаларының неғұрлым төмендеу болуын сұрады.

Жәрмеңкеге келіп сауда жасаушы жұрттың қарасы қалың. Жәрмеңкеге Қарағандыдан «Қасымов» ЖШС-і пияз, тоқаш, жұмыртқа, бал, сыр, шұжық өнімдерін ұсынса, ақадырлық жеке кәсіпкер қияр саудалады. Тараздың Сарыкемер ауылынан келген кәсіпкер алма, алмұрт, пияз, бұрыш, қияр, қызанақ, кәді (баклажан) саудалап, Қарағандыдан келген «Мехмет» ЖШС-і де пияз, қияр, қызанақ, баклажан саудалап, сонымен қатар, тәтті және ащы бұрыш, сарымсақ, кептірілген алма, қара және сары өрік, қара және сары мейіз, орамжапырақ, қарбыз, сәбіз, жүзім, картоп және киімкешектер әкеліп, бұл өнімдерге жұртшылықтың қызығушылығы бірден байқалды.

Өнімдердің бағасы едәуір арзандатылды, пияз 85 теңге, тоқаш 100 теңге, жұмыртқа 17 теңге, бал 2100 теңге, сыр 1500 теңге, шұжық 500 теңге, алма 300 теңге, алмұрт 200 теңге, қияр 200 теңге, қызанақ 180 теңге, кәді 100 теңге, тәтті бұрыш 100 теңге, ащы бұрыш 600 теңге, сарымсақ 800 теңге, кептірілген алма 350 теңге, қара, сары өріктер 290 теңге көлемінде, қара мейіз және сары мейіз 800 теңге, орамжапырақ 50 теңге, қарбыз 60 теңге, сәбіз 150 теңге, жүзім 350 теңге, картоп 95 теңгелей халықтың қалтасы көтеретіндей бағада саудаланды. Тұрғындар арзан бағада ұйымдастырылған жәрмеңкеге ризашылық білдіріп, алда да жалғасын тапса деген игі тілектерін білдірді.

**Ш.МҰҚАЕВ,**
**Ақадыр кенті.**



Жаз жайнатын...

# БҮЛДІРШІНДЕР АЛАҢСЫЗ ДЕМ АЛДЫ

Өткен жаз мезгілі Ш.Батталова атындағы орта мектеп оқушылары үшін қызықка толы болды десе болады. Мектебімізде оқушылар «Айналайын» атты демалыс лагерінде 90 оқушы дем алды. Жоспарын құрып жас мамандар ат салысып, патриоттық, тәрбиелік, спорттық іс - шаралар өз мәнінде өтті. Лагерь басшысы, жас маман дене шынықтыру пәнінің мұғалімі М.Сартаев тәрбиешілермен тиімді жұмыс жүргізіп, ата - аналар да, оқушылар да өте риза болды. Спорттық жаттығулар жасалып, төрт мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Балалар саябаққа, спорт кешеніне,«Шұғыла» мәдениет үйіне барып шараларға қатысты. Тәрбиешілер А.Раисова, Т.Есен, Г.Былғарбек, Н.Әлімқұл, Ә.Ербол, А.Құсайынова,К.Серікова,социолог М.Жүнісовалар және аспазшылар, мейірбике, басқа да жұмыскерлер балдырғандардың жақсы демалуларына өз үлестерін қоса білді. Жазғы демалыс соңында мектеп басшылығы тарапынан тәрбиешілерге алғыс хаттар беріліп, іс шараларға өзіндік үлес қосқан балаларға грамоталар тапсырылды.

**Д.АҚШОЛАҚОВА,**
**денешынықтыру пәнінің мұғалімі.**



Спорт

# МЕКЕМЕЛЕР АРАСЫНДА ӨТКЕН МЕРЕКЕЛІК БІРІНШІЛІК

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналып шағын футболдан аудан мекемелер арасында аудандық ашық біріншілік болып өтті. Біріншілік балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Жалпы жарыс ауыл,кент мекемелер арасында өткізіліп, оған Ақжалдан 2 команда, Дария кенті,Үңірек ауылы, Ақсу-Аюлы балалар мен жасөспірім-дер, ішкі істер бөлімі, Ы.Алтынсарин мектеп гимназиясы, Ж.Ақылбаев мектеп - гимназиясы, Шет ауданы әкімінің аппарат ұжымдары, жалпы 9 команда қатысты.

Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған шағын футболдан аудан мекемелер арасындағы аудандық ашық біріншіліктің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин, ардагер спортшы, зейнеткер, Әлғожин Шәйкен ақсақал, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ж.Сәтібековтер жарысқа қатысушыларды мерекелерімен құттықтап, қатысушыларға сәттіліктер тіледі.

Біріншілікте бірінші орынды Ақжал кентінен Тау-кен цехы командасы, екінші орынды аудандық ішкі-істер бөлімі командасы, үшінші орынды Ақсу-Аюлы балалар мен жас-өспірімдер спорт мектебі командасы иеленді.



Жарыстың бас төрешісі балалалар мен жасөспірімдер мектебі футбол бөлімінің жаттықтырушысы Ақсар Шәйкенов.

Жеңімпаздармен жүлдегерлер аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің арнайы медальдарымен, кубогымен, грамотасымен және командалық 1,2,3 орын алған командаларға бағалы сыйлықтар тапсырылды.

**Е.ҚҰРМАНБАЕВ,**
**аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы.**

Шет шұғыласы

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Директор-редактор
**Мейрам Дәулетбекұлы СӘДУАҚАСОВ**

**Құрылтайшысы және меншік иесі:** "Шет аудандық "Шет шұғыласы" газетінің редакциясы ЖШС-і. **Редакция мекен-жайы:** Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. **Газет** аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 3285 дана. **Газеттің** басылу сапасына "Арко" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. **Газет** редакцияда теріліп, беттелді. **тел/факс:** 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.
**Эл. пошта:** Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРКО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

**Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы,** жауапты хатшы тел. 50-9-03
**Малтабаров Берік Бергенұлы,** компьютер орталығының жетекшісі тел. 50-9-03
**Шыңғыс Мұқаев,** Ақадыр өңірі бойынша тілші тел: 8 7754474955
**Бухгалтерия** тел. 79-0-81

**Газет** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2012 жылдың желтоқсан айының 19 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы № 13228-Г куәлігі берілген.

**Нөмірге жауапты С.ЖОСАЛБАЙ**